



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Эмомали Рахмон мен оның отандастарын Тәжікстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығымен құттықтады.

Президент Тәжікстанның егемендік жылдарында мемлекеттік басқару, әлеуметтік-экономикалық даму, сондай-ақ әлемдік аренада ұлттық мүддені қорғау мен ілгерілету ісінде зор табысқа қол жеткізгенін атап өтті.

— Қазақстан халқы еліміздің жетістіктеріне риясыз қуанады. Біз достық қарым-қатынас пен өзара қолдауды жоғары бағалаймыз. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-тәжік стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы бауырлас қос халықтың игілігі жолында нығая беретініне сенімдімін, — делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонның жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас тәжік халқына құт-береке тіледі.

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІН
ЖАҚСARTY –
МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Ақордада Вице-Президент Ерлан Қариннің төрағалығымен мемлекеттік органдардың байланыс орталықтарының жұмысын жетілдіру, халықпен кері байланыс орнатудың жаңа құралдарын енгізу жөнінде кеңес өтті.



Жиынға Қазақстан Республикасының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі, Президент Әкімшілігінің өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің менеджері, Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының, Бас прокуратураның, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері қатысты.

Ерлан Карин Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық салада цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдары қарқынды енгізіліп жатқанын атап өтті.

— Президенттің елді ауқымды цифрландыру жөніндегі бастамасы мемлекеттік органдар жұмысының халықпен тиімді кері байланыс орнату секілді маңызды бағытын да қамтиды, — деді Ерлан Карин.

Вице-Президент айтып өткендей, мемлекет халықпен кері байланыс орнатудың ауқымды әрі функционалды инфрақұрылымын қалыптастырды. Мәселен, жыл сайын республика бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы 30 миллионнан астам қызмет көрсетіледі, ал мемлекеттік байланыс орталықтары жылына 21 миллионнан астам қоңырау қабылдайды.

Сонымен қатар жүргізілген талдау нәтижелері өңірлік І-Komek байланыс орталықтарының жұмысында аймақтар арасында айтарлықтай алшақтық бар екенін көрсетіп отыр. Мәселен, 2025 жылы азаматтардан түскен 4 миллион қоңыраудың жартысынан астамы елордаға тиесілі. Өңірлік байланыс орталықтарындағы жұмыс тиімділігінің төмендігі

азаматтарды күнделікті мәселелерінің шешімін республикалық e-Otinish платформасы арқылы іздеуге мәжбүрлейді. Соның салдарынан ақпарат жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарға сәуір кешігіп түседі. Бұл өз кезегінде халықты алаңдатқан өзекті мәселелерді шешу уақытына кері әсерін тигізеді.

— Сондықтан, ең алдымен, елордалық І-Komek орталығының он тәжірибесін өзге өңірлерге кеңінен таратып, олардың күнделікті мәселелерді шешу бағытындағы жұмысының тиімділігін арттыру қажет, — деді Ерлан Карин.

Кеңес барысында мемлекеттік органдардың өкілдері фронт-офистердің, оның ішінде e-Otinish платформасының, «111» байланыс орталығының, ХҚКО-лар мен азаматтардың қабылдау орталықтарының қызметі туралы ақпарат берді.

— Соңғы уақытта мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, жаңа технологияларды мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу бағытындағы жұмысы едәуір күшейді. Бүгінде мемлекеттік органдардың фронт-офисін бірыңғай платформаға біріктіру, сондай-ақ жасанды интеллектіге негізделген заманауи құралдарды енгізу басты міндеттердің біріне айналып отыр. Бұл азаматтардың өтініштерін қарау тиімділігін арттырып, Президент бастамалары мен азаматтарымыздың өтініштерін жеделірек шешуге мүмкіндік береді, — деді Ерлан Карин.

Вице-Президент кеңес қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар жұмысының проактивті форматта жүргізілуін қамтамасыз ету және халықпен кері байланыс арналарының жұмысын жетілдіру бағытында нақты тапсырмалар берді.

АҚОРДА

ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІ ТЫҢДАДЫ

Президент Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы қабылдады.



Мемлекет басшысы қаржы нарығын реттеу мен дамытудың биылғы 8 айдағы нәтижелері және алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы есепті тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа банктер туралы жаңа заңды іске асыру аясында заңға тәуелді актілер базасы толығымен жаңарғаны, 80 нормативтік-құқықтық акті қабылданғаны жөнінде баяндалды. Банктердің активтері 75,6 триллион теңгеге дейін (6,9 пайызға) ұлғайған, капиталдың жеткіліктілігі 20,7 пайызды құрайды.

Агенттік қадағалау қызметі шенберінде 8 айда қаржы секторы субъектілеріне 279 инспекторлық тексеру жүргізген. 190 қадағалау шарасы қолданылып, 465 миллион теңге сомасында

айыппұл салынған. Микроқаржыландыру және коллекторлық агенттіктер нарығында жұмыс істейтін 13 субъекті лицензиясынан айырылды, ал алтауының лицензиясы уақытша тоқтатылып, 4 коллекторлық агенттік тізілімнен шығарылды.

Президентке халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту және экономиканы қаржыландыруды кеңейту шаралары жөнінде мәлімет берілді. Бизнеске арналған кредиттер 3,5 пайызға ұлғайып, 16 триллион теңгеге жетті. Кәсіпкерлікке жаңадан берілген кредит көлемі жыл басынан бері 19,1 пайызға өсіп, 12,5 триллион теңгені құрады. Реттеу шараларының нәтижесінде 7 ай ішінде тұтынушылық несиенің өсімі 4,6 пайызға дейін баяулады. Биыл шіл-

де айынан бастап мерзімі кешіктірілген берешекті ұжымдық реттеудің Finkel-sim.kz платформасы іске қосылды. Жыл соңына дейін азаматтардың арыз-шағымдарын қарау үшін Бірыңғай қаржы омбудсмені кенсесі жұмыс істей бастайды.

Мәдина Әбілқасымова Мемлекет басшысына Капитал нарығы мен сақтандыру нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасын, сондай-ақ «Капитал нарығы туралы» және «Сақтандыру нарығы туралы» жаңа заң жобаларын әзірлеу жөніндегі тапсырмаларының орындалуы барысы жайында есеп берді.

Бұдан бөлек, қаржы секторын цифрландыру және оған жасанды интеллектіні енгізу туралы ақпарат ұсынылды. Агенттік жасанды интеллект технологиясына негізделген FinAI бірыңғай қадағалау платформасын құрған. Жыл соңына дейін Қаржы нарығына жасанды интеллектіні енгізу стратегиясы әзірленеді. Құжатта ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғаудың бірыңғай тәсілдері қарастырылады.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қаржы саласында жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану, экономиканың нақты секторларын кредиттеуді арттыру, сондай-ақ капитал мен сақтандыру нарығын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
МІНДЕТТЕЛДІ

Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» қорының қызметі, негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің орындалуы және ірі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы туралы есепті тыңдады.

Нұрлан Жақыповтың айтуынша, 2026 жылы Қор 3,2 триллион теңгенің инвестициялық жобаларын түйіндеуді жоспарлап отыр. Соның ішінде Мойынты — Қызылжар, Дарбаза — Мактаарал теміржол желілерін салу, Алтынкөл — Жетіген, Бейнеу — Манғыстау теміржол учаскелерін жаңғырту, Қашаған кен орнындағы газ өңдеу зауытының құрылысы, Алматы екінші жылу электр орталығын жаңғырту, Түркістан облысында бу-газ қондырғысын және гибриді электр станциясын салу жобасы бар. Сонымен қатар Астанадағы деректерді өңдеу орталығының құрылысы мен Каспий теңізінің табанына талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу жұмыстары аяқталуға жақын.



Президентке Қордың инвестициялық портфелі жөнінде мәлімет берілді. Аталған бағытта 2027-2029 жылдары энергетика, мұнай-газ секторы, көлік және цифрлық инфрақұрылым салалары бойынша 21 триллион теңгеге 38 жобаны іске асыру көзделіп отыр.

Бұдан бөлек, Нұрлан Жақыпов Қордың әлеуметтік жобаларының орындалуы туралы баяндады. Медици-

налық және әлеуметтік нысандар салуға басымдық беріліп, мүгедектігі бар балаларға арналған 55 орталық және 46 инклюзия кабинеті ашылған, спорттық және білім беру инфрақұрылымын дамытуға назар аударылып отыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қор жұмысының негізгі бағыттарына қатысты бірқатар міндет жүктеді.

ҚҰАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚҰАТТЫ ЕЛ

ТҰРҒЫН ҮЙ
САЯСАТЫНЫҢ ТЫНЫСЫ КЕҢ

Мемлекеттік саясатта қашанда басымдық алатын негізгі бағыттар, идеялар болады. Соның негізінде маңызды құжаттар, мызғымас қағидалар, тұжырымдамалар қалыптасатынын білеміз. Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған, халықтың экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидасы барын білеміз. Осыны ескере отырып, алда тұрақты түрде оқырманға «Қуатты өңірлер – қуатты ел» айдарын ұсынып отырамыз. Бұл айдардың әр шығарылымында салаларға жеке тоқталып, өңірлердегі көрсеткіштерге назар саламыз. Алғашқы бөлімде тұрғын үй тақырыбына тоқталып, республика аумағындағы жемісті істерді шолып көрдік.

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҚТАРЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Қазақстанда энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, оның тозу деңгейін төмендету және негізгі нысандардың сенімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. 2024-2026 жылдар аралығында «қызыл аймақтағы» жылу электр орталықтарының (ЖЭО) саны 19-дан 5-ке дейін азайды. Сонымен қатар жылыту кезеңінде электр станцияларындағы технологиялық бұзушылықтар саны 32%-ға төмендеді.

Еліміз өндіруші жаңа қуат көздерін іске қосу жұмыстарын жеделдетіп, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғыртуда. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару үдерістері де цифрлық негізге көшірілуде.

Аталған жұмыстар Мемлекет басшысының 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру аясында жүргізілуде. Президент тұрғын үй-коммуналдық және су инфрақұрылымын жаңғыртуды елімізді орнықты дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде белгіледі.

Энергетика саласын дамытуға ерекше назар аударылуда. Жаңа өндірістерді іске қосу және экономиканы цифрлық трансформациялау үшін электр энергиясының жеткілікті көлемін қамтамасыз ету және энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыру қажет.

2026 жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жоспарланған барлық энергетикалық қуат көзін белгіленген мерзімдерді кейінге қалдырмай, 2027 жылдың соңына дейін толық іске қосуды тапсырды. Сондай-ақ Оңтүстік аймақтағы электр желілерін дамыту және Батыс аймақтың энергия жүйесін Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру жобаларын аяқтау, салада жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, онлайн-мониторинг енгізу жөнінде міндет қойылды.

Бұдан бөлек, бұған дейін Ұлттық құрылтай отырысында Президент Үкіметке «таза» көмір генерациясын дамыту жөніндегі ұлттық жоба қабылдауды тапсырған болатын.

ҚАТЕРІ СЕЙІЛГЕН СТАНЦИЯЛАР

2024-2025 жылдары еліміздің электр стансаларында 20 энергияблок, 118 қазандық және 84 турбина жөнделді. Электр стансаларының орташа тозуы 56%-дан 53%-ға дейін төмендеді, ал 2026 жылғы жөндеу науқанының қорытындысы бойынша оның одан әрі төмендеуі 52% болады деп күтілуде.

Сонымен бірге сенімділік көрсеткіштері де жақсаруда. Егер 2023-2024 жылдардағы жылу беру кезеңінде электр стансаларында 1 469 технологиялық ақау тіркелген болса, 2025-2026 жылдары ол 1 004



болды. Жылу желілерінің температуралық кестелерін сақтамау жағдайларының саны 215-тен 21-ге дейін, яғни 10 еселен астамға қысқарды. Кейінгі 2 жылда «қызыл аймақтағы» ЖЭО-лар саны 19-дан 5-ке дейін түссе, «сары аймақтағы» ЖЭО-лар саны 11-ден 19-ға дейін өсті, бұл ретте «жасыл аймақтағы» стансалар саны 2 есеге — 7-ден 14-ке дейін өсті.

Келесі кезең — қуат көздерін кеңейту. 2025 жылы жалпы қуаты 166 МВт болатын дәстүрлі энергетика нысандары, сондай-ақ 503,5 МВт болатын 9 ЖЭК жобасы іске қосылды. 2026 жылы 2,6 ГВт дәстүрлі және жаңартылатын генерацияны енгізу жоспарланған. Қызылордала қуаты 240 МВт болатын бу-газ қондырғылары (БГК) іске қосылды. Текелі энергокешенін жаңғырту аяқталды, оның қуаты екі жыл ішінде 53 МВт-қа ұлғайтылды. Ең ірі жаңа нысандардың бірі — қуаттылығы 1 ГВт-тық «Түркістан» БГК болды, ол елдің оңтүстік аймағын энергиямен жабдықтауды күшейтеді.

2027 жылы тағы 845 МВт жаңа энергия қуатын енгізу жоспарлануда. Бұл I тоқсанда елдің электр энергиясына деген қажеттілігін жабуға, ал жыл соңына қарай шамамен 1,3 млрд кВт/сағат профицит қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көмірді қуат көзіне айналдырудың ұлттық жобасы 2030 жылға дейін 8 жаңа энергия көздерін салуды және 7,8 ГВт-тық жұмыс істеп тұрған 11 электр стансасын жаңғыртуды көздейді. Курчатова қуаттылығы 700 МВт болатын КЭС құрылысы басталды. ЖЭК саласында 2035 жылға дейін жиынтық қуаты кемінде 8,4 ГВт болатын жобаларды жүзеге асыру көзделген.

700-ДЕН АСТАМ ЖОБА ҚАМТЫЛДЫ

Коммуналдық инфрақұрылымды жүйелі жаңартудың негізгі тетігі — «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы. Оның өтінімдер тізілімінде тозу деңгейі мен

техникалық жай-күйі туралы әртүрлі 700-ден астам жоба бар.

Ұлттық жоба шеңберінде 20 өңірде 451 табиғи монополия субъектісінің жағдайы талданды, оның 305-і жаңғыртуды дербес қаржыландыруға мүмкіндіктері шектеулі. 2029 жылға дейін маңызды инфрақұрылымдық тәуекелдерді жүйелі төмендету көзделген. Қомақты қаражат сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға тікелей бағытталады. 2025 жылы республикалық бюджеттен 257 жобаны жүзеге асыруға 106 млрд теңге, Арнаулы мемлекеттік қордан тағы 229 жобаға 135,8 млрд теңге көзделген. 2026 жылы жалпы сипаттағы трансферттер мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға шамамен 209 млрд теңге қарастырылған. Қазақстандық тұрғын үй компаниясының желісі бойынша шамамен 145 млрд теңге сомасына 103 жобаны қаржыландыру қамтамасыз етілді. Қаражат жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілерін, су тазарту кешендерін реконструкциялауға және өндірістік процестерді автоматтандыруға бағытталады.

Бұдан бөлек, 2021 жылдан бастап халықты ауызсумен қамтамасыз етуге шамамен 1,6 мың жоба аясында 835 млрд теңге бағытталды. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен 34 қала және 756 ауылдық елді мекен қамтамасыз етілді, ал тағы 699 ауылда кешенді блок-модульдер орнатылды.

Қолданыстағы желілердің тозу деңгейі төмендеп келеді. Сумен жабдықтау желілерінің тозу көрсеткіші 2023 жылғы 40%-дан 2025 жылы 38%-ға дейін төмендеді. Су бұру желілерінің тозу көрсеткіші тиісінше 56%-дан 54%-ға дейін төмендеді. Ұлттық жоба 2029 жылға қарай сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейін 33%-ға дейін, ал су бұру желілерінің тозуын 41%-ға дейін төмендетуді көздейді. Сонымен қатар кәріз инфрақұрылымы жаңғыртылуда. 2026

жылы 3 жаңа тазарту құрылысын, 2027 жылы — 23, 2028 жылы — 15 және 2029 жылы тағы 4 нысанды іске қосу жоспарланған. Нақты жобалардың қатарында ондаған мың тұрғындар мен абоненттерге есептелген Заңаған мен Оралдағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту бар.

САПАҒА САЙ ТАРИФ

Коммуналдық қызметтердің сапасын тарифтік шешімдерге сәйкес арттыру қағидаты инвестициялық бағдарламалар мен табиғи монополиялар субъектілерінің міндеттемелері арқылы іске асырылады. Олар үшін сапа, сенімділік және тиімділік көрсеткіштері белгіленеді, ал міндеттемелер орындалмаған жағдайда тариф қайта қаралуы немесе уақытша өтемдік тариф енгізілуі мүмкін.

Ашықтықты арттыру құралдарының бірі — Ұлттық цифрлық Smart Turmys платформасы. Ол жылжымайтын мүлік объектілері, абоненттер, есептеулер, төлемдер және коммуналдық ресурстарды тұтыну туралы деректерді бір жүйеге біріктіреді.

Сонымен қатар ресурстарды интеллектуалды есепке алу ауқымы кеңейіп келеді. 2026-2027 жылдары шамамен 4,76 млн интеллектуалды есепке алу құралын орнату жоспарланған. Автоматтандыру есептеулердің дәлдігін арттыруға, техникалық және коммерциялық шығындарды ажыратуға, сондай-ақ бүгінде мамандардың қатысуымен қызмет көрсетілетін 9,3 млн есепке алу нүктесінің қызмет көрсету шығындарын қысқартуға тиіс.

2026 жылдың басындағы жағдай бойынша табиғи газбен 13,1 млн адам немесе Қазақстан халқының 64,2%-ы қамтамасыз етілген. 2025 жылы 94 елді кеңендегі 354 мыңнан астам тұрғын газға қосылды, ал 2026 жылға жоспарланған жобалар аясында тағы шамамен 36 мың адам газға қол жеткізеді. Негізгі мақсат — 2035 жылға қарай газдандыру деңгейін 80%-ға жеткізу. Артып келе жатқан сұранысты қамтамасыз ету үшін газ тасымалдау инфрақұрылымы кеңейтілуде. 2026 жылдың соңына дейін жылына 10 млрд м³-ге дейін газ өткізу қуаты бар «Бейнеу — Бозой — Шымкент» магистралды газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін аяқтау жоспарлануда, ал 2027-2029 жылдары оның өткізу қабілетін жылына 15 млрд м³-ге дейін арттыру көзделген. Сонымен қатар газ өңдеу қуаттары да артып келеді. Қашағанда жылына 1 млрд және 2,5 млрд м³ газ өңдейтін газ өңдеу зауыттарының жобалары жүзеге асырылуда, Қарашығанақта қуаты жылына 5 млрд м³-ге дейінгі зауыт салу мәселесі пысықталуда, ал Жаңаөзенде қуаты жылына 900 млн м³-ге дейінгі газ өңдеу зауытының құрылысы жүріп жатыр.

Осылайша, энергетика мен ТҚШ-ны жаңғырту шаралары қолданыстағы нысандардың сенімділігін арттыру мен жаңа генерация қуаттарын іске қосудан бастап, коммуналдық желілерді жаңартуға, газбен жабдықтауды дамытуға және есепке алуды цифрландыруға дейін салалық инфрақұрылымның барлық кешенін қамтиды.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ

Шымкентте ауыл шаруашылығы саласын дамыту, отандық өнім көлемін арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Қалада егін шаруашылығымен қатар, мал шаруашылығы, жылыжай өндірісі, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу бағыттарына басымдық берілуде. Бүгінде Шымкент қаласында ауыл шаруашылығы дақылдары 21,1 мың гектар жерге егілген. Нәтижесінде жыл сайын 80 мың тоннадан астам өнім жиналуда. Оның ішінде 6,4 мың гектарға дәнді дақылдар, 3 мың гектарға майлы дақылдар, 9,8 мың гектарға малазықтық дақылдар, 1,8 мың гектарға көкөніс және бақша өнімдері орналастырылған.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен «Шымкентте егін жинау науқанының қорытындылары және ауыл шаруашылығын дамыту бағытында атқарылған жұмыстар туралы» баспасөз конференциясында Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Базарбеков мәлімдеді.

Дәнді дақылдардың негізгі бөлігін бидай мен арпа құрайды. 5,3 мың гектарға бидай, 1,1 мың гектарға арпа егілсе, орташа өнімділік гектарына 15-20 центнерді



құрайды. Максары егілген 3 мың гектар алқаптың орташа түсімі гектарына 10,8 центнер шамасында. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды енгізуге де ерекше көңіл бөлініп отыр. Қала аумағында жалпы көлемі 140 гектар болатын заманауи жылыжай кешендері жұмыс істейді. Оның 93 гектары өнеркәсіптік, 47 гектары фермерлік жылыжайларға тиесілі. Сонымен қатар 53 шаруашылық тамшылатып және жаңбырлатып суару технологияларын қолданып, шамамен 340 гектар жерде өндіріс тиімділігін арттыруда. Бұл тәсілдер су ресурстарын үнемдеумен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау да саланың дамуына серпін беруде.

2026 жылы егін шаруашылығын қолдауға жергілікті бюджеттен 863,3 млн теңге қарастырылған. Оның ішінде минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға 75 млн теңге, жылыжайлардың коммуналдық шығындарын арзандатуға 767,8 млн теңге, тұқым шаруашылығын дамытуға 20,5 млн теңге бағытталған. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көктемгі және күзгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізуі үшін 491 тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді. Оның 312 тоннасы көктемгі, 179 тоннасы күзгі дала жұмыстарына арналған.

Айта кетейік, сонымен қатар саланың маңызды бағыттарының бірі — мал шаруашылығы. Бұл бағытта да он динамика байқалады. Атап айтқанда, сүт өндіру көлемі 5,2 пайызға артып, 45,8 мың тоннаға жеткен. Тауық жұмыртқасын

өндіру 1,5 пайызға өсіп, 134,1 млн дананы құрады. 2026 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қала аумағында 95,3 мың бас ірі қара, 116 мың бас ұсақ мал, 20,8 мың бас жылқы және 1,1 млн бас құс тіркелген. Жалпы, биылғы жылдың жеті айында Шымкенттің ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 34,3 млрд теңгеге жетті. Нақты көлем индексі 104,4 пайызды құрады. Оның ішінде мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі 27,7 млрд теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 101,8 пайызды, ал өсімдік шаруашылығы 6,2 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 116,8 пайызды көрсетті.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы жаңа өндіріс орындарын іске қосуға және қолданыстағы кәсіпорындардың қуатын арттыруға жол ашып отыр. Биыл қуаттылығы жылына 4,3 мың тонна болатын тауарлы сүт фермасы өндірісін кеңейтуде. Сондай-ақ екі заманауи жылыжай кешені мен екі жұмыртқа бағытындағы құс фермасында өндірістік қуатты арттыру жұмыстары жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау инфрақұрылымы да біртіндеп нығайып келеді. Қалада жалпы сыйымдылығы 125,5 мың тонна болатын 8 заманауи көкөніс сақтау қоймасы жұмыс істейді. Олардың жалпы аумағы 72,2 мың шаршы метрді құрайды. Бұл нысандар маусымдық өнімді сақтап, оны жыл бойы тұтынушыларға жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы ірі жобалардың бірі — «СКО тәжірибесі» бағдарламасы аясында жүзеге асқан, сыйымдылығы 90 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасы. Жоба республикалық бюджеттен 1 млрд теңге көлемінде қаржыландырылған. Бағдарлама аясында тағы бірқатар ірі жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Нур Алем»

ЖШС-ның 2,5 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасы, «Эгамназаров» жеке кәсіпкерлігінің 4,3 мың тонналық тауарлы сүт фермасы және «Аймар құс» ЖШС-ның жылына 100 млн дана жұмыртқа өндіретін кәсіпорны республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылып, қазір құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту көрсеткіші де көңіл қуантады. Жыл басынан бері салаға 14,1 млрд теңге инвестиция тартылған. Оның 8,7 млрд теңгесі негізгі капиталға, 2,2 млрд теңгесі тамақ өнімдерін өндіруге, 3,2 млрд теңгесі сусындар өндірісіне бағытталған. Өндіріс көлемінің өсуі экспорттық әлеуеттің артуына да әсер етуде. Қазір Шымкенттің агроөнеркәсіптік кешені өнімдерінің экспорт көлемі 112,2 млн АҚШ долларына жеткен. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімдерінің үлесі — 40 млн, мал шаруашылығы — 0,8 млн, ал қайта өңдеу өнімдері 71,4 млн АҚШ долларын құрайды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы алқаптарын зиянкестерден қорғау жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. 2026 жылы саяқ шегіртке тектестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттен 5,02 млн теңге бөлініп, Абай, әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау және Тұран аудандарындағы 1 382 гектар аумақта тиісті жұмыстар толық жүргізілді.

Жалпы, Шымкенттегі агросаланың бүгінгі беталысы өндіріс көлемін ұлғайтумен ғана шектелмейтінін көрсетеді. Заманауи технологияларды енгізу, су үнемдеу әдістерін кеңейту, жылыжай шаруашылығын дамыту, өнімді сақтау және қайта өңдеу инфрақұрылымын қалыптастыру саланың жаңа кезеңдегі негізгі бағыттарына айналып отыр.



ҚҰРЫЛТАЙДА ФРАКЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Құрылтайда «Әділет» партиясы фракциясының отырысы өтіп, онда депутаттар алдағы жұмыс барысын ұйымдастыру ісін, ішкі үйлестіру мәселелерін және қызметтің негізгі бағыттарын талқылады.

Жиында Мемлекет басшысының реформалары мен бастамаларын заңнамалық тұрғыда сүйемелдеу, сондай-ақ фракцияның жүйелі жұмысын жолға қою мәселелеріне баса назар аударылды. Депутаттардың бастамаларын

үйлестіруге және келісілген ұстанымдар әзірлеу ісіндегі фракция төралқасының рөліне қатысты мәселелер жеке қаралды.

Фракция жетекшісі Ербол Адаев алдағы жұмыс барысы барлық мәселені дәйекті әрі мазмұнды түрде пысықтауды

талап ететінін атап өтті. Оның айтуынша, азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс істеу және бейінді мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жүргізу мәселесі айрықша маңызды.

Отырыс қорытындысы бойынша фракция жұмысын ұйымдастыруға, депутаттардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жүргізуіне және қоғам үшін маңызды мәселелерді қарауға қатысты алдағы қадамдар айқындалды.

БІРҚАТАР ӨҢІРДЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ



«Әділет» партиясы Атырау облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өтті. Облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Азат Қапанов азаматтардың өтінішін тыңдап, сауалдарына заң аясында жауап берді.



Қабылдауға келген тұрғындар бірнеше жылдан бері жеке тұрғын үй салуға арналған жер телімінің кезегінде тұрғанын айтып, жердің қашан берілетінін сұрады. Оларға жер телімдері қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгеннен кейін заңда белгіленген кезектілік тәртібімен берілетіні түсіндірілді. Сондай-ақ қоғамдық қабылдау барысында белгілі бір себеппен партия филиалына келе алмаған қала тұрғынының сауалына телефон арқылы жауап берілді.

Сол секілді партияның Қостанай облыстық филиалында қалалық мәслихат депутаты Надежда Костенюк азаматтар өтінішіне құлақ асты. Қабылдауға келген қала тұрғындары Қ.Батыр көшесіндегі

бейімдеу орталығында тұру мерзімін ұзарту мәселесін көтерді. Өтініш білдірушілердің арасында толық емес және көпбалалы отбасылардың өкілдері, сондай-ақ зейнеткерлер бар. Кездесу барысында депутат азаматтардың өтінішін мұқият тыңдап, қажетті түсіндірме беріп, туындаған жағдайды шешудің ықтимал жолдарын талқылады.

Аталған мәселе бойынша жақын уақытта сот отырысы өтеді. Оның қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады. Сонымен қатар депутат Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй қатынастары бөліміне осы мәселені өз құзыреті шегінде қарау туралы депутаттық сауал жолдамақ.



БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ ЖАНДАНА ТҮСТІ

Атырау облысында «Әділет» партиясының бастауыш партия ұйымдарымен кездесулер өтіп жатыр. Соның ішінде Атырау қаласы мен Исатай және Жылыой аудандарындағы «Үркер», «Алмалы ауылдық клубы», «Забурын», «Қара Арна» және «Денсаулық» бастауыш партия ұйымдарының мүшелерімен басқосу ұйымдастырылды.



Жиындарда бастауыш партия ұйымдарының қызметін жүйелі ұйымдастыру, мүшелердің белсенділігін арттыру, жаңа бастамаларды қолдау және партиялық жобаларды жергілікті деңгейде тиімді жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қатысушылар ұсынысын ортаға салып, алдағы жұмыс бағыттары

бойынша пікір алмасты. Сондай-ақ бастауыш ұйымдардың партия мен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, тұрғындардың үнін жеткізудегі маңызды рөлі аталып өтті. Алдағы уақытта бастауыш ұйымдар жұмысы жана серпінмен жалғасып, партия қатары жана мүшелермен толығы түспек.

АРДАГЕРЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«Әділет» партиясының Жамбыл облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы өтті. Оның аясында жамбылдық рухтастар 83 жастағы жалғызілікті зейнеткер Мария Вареецованың үйіне барып, тұрмыстық жұмыстарға қолғабыс көрсетті. Жастар қарияның үй шаруасына көмектесіп, қажетті жұмыстарды атқарды.



Ізгілік пен камкорлықты басты құндылық санайтын жастар үшін мұндай бастамалардың маңызы зор. Қарияларға көңіл бөліп, қолдау көрсету – аға буынға деген құрметтің жарқын көрінісі. «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы алда да жалғасын тауып, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге бағытталған игі істер жүзеге асырылмақ.

Осындай іс-шара Қызылордада да көрініс тапты. Облыстық филиал

жанындағы «Жастар Рухы» ЖК белсенділері қала тұрғыны, жалғызбасты қария Нағима Жұманазарованың шаңырағына барып, көмек-қолдау көрсетті. Жастар ардагердің ауласындағы қалың өскен шөпті тазалап, үй айналасын ретке келтірді. Сонымен қатар Нағима апайдың жағдайын біліп, көңілін аулап әңгіме-дүкен құрды. Ізгі іске ризашылығын білдірген ардагер жастарға ақ батасын беріп, алғысын жеткізді.


ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР — ҚУАТТЫ ЕЛ

10 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫНЫҢ ТЫНЫСЫ КЕҢ

Мемлекеттік саясатта қашанда басымдық алатын негізгі бағыттар, идеялар болады. Соның негізінде маңызды құжаттар, мызғымас қағидалар, тұжырымдамалар қалыптасатынын білеміз. Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған, халықтың экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидасы барын білеміз. Осыны ескере отырып, алда тұрақты түрде оқырманға «Қуатты өңірлер – қуатты ел» айдарын ұсынып отырамыз. Бұл айдардың әр шығарылымында салаларға жеке тоқталып, өңірлердегі көрсеткіштерге назар саламыз. Алғашқы бөлімде тұрғын үй тақырыбына тоқталып, республика аумағындағы жемісті істерді шолып көрдік.

ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ АУМАҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ




Мадияр Төлеу

Баспана — қай кезде де қоғамның назарынан тыс қалмайтын сала. Сол үшін мемлекеттік саясатының бір тетігі саналып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында тұрғын үй тақырыбына ерекше зер салғаны есімізде болатын. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту ісін айта келе, құрылыс қарқынына дем беру керегін жеткізген.

— Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан тұрғын үй құрылысы саласына айрықша назар аударған жөн. Былтыр (2024 жылы — ред.) 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Сонымен бірге құрылыс сапасын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларының (Building Information Modeling, BIM) көмегімен ғимараттарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен қолдану керек. Үкімет құрылыстың барлық кезеңдерін толық есепке алуды, жоспарлауды, оған мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін ұлттық цифрлық платформаны іске қосу қажет, — деген болатын Президент.

Міне, содан бері жалпы тұрғын үй нарығы назардан тыс қалған жоқ. Ірі шаһарларды айтпағанда, әр өңірде құрылыс қарқыны артты. Жаңа нысандар бой көтеріп, соған сай тұрғын үйге қол жеткізгендер саны өсті. Мәселен, 2024 жылы республикада 172 мыңнан астам отбасы қоныс тойын тойласа, 2025 жылы 185,8 мың отбасы баспаналы болды. Бұ-

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ



Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы

Елдар КАБА (инфографика)

лардың қатарында жеңілдетілген ипотека алғандар, халықтың осал тобы ретінде кезекте тұрып келгендердің қарасы мол. Сондықтан мемлекет тұрғын үй саясатын жүйелі түрде іске асырып келеді деп бағалай аламыз.

Осы тұста елдегі саяси жетекші ұйым саналатын «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасында тұрғын үй тақырыбына басымдық берілгенін де айта кетейік. Бағдарламаның басты тармағының бірі — азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту. Осы мақсатта елімізде алдағы 5 жыл ішінде жан басына шаққандағы тұрғын үй аумағын 30 шаршы метрге жеткізу көзделген. Бұған қоса, апатты жағдайдағы баспаналарда тұрып жатқан 30 мың меншік иесін жаңа үйлерге көшіру ісінде қамтылған. Сонымен қатар жастарды тұрғын үймен қамту, ипотекаларды қолжетімді ету, баспана мәселесін жұмыс берушілер арқылы шешу және жалға беру нарығын қауіпсіз ету қарастырылған.

Жан басына шаққанда баспана аумағын 30 шаршы метрге жеткізу мақсатын өте орынды деп санар едік. Себебі қазір Ұлттық статистика бюросы 2025 жылы Қазақстанда жан басына шаққандағы баспана аумағының көрсеткіші 25,1 шаршы метр екенін мәлімдеген. Жаман көрсеткіш емес, әйтсе де дамыған

елдермен салыстырғанда азырақ екенін жасырмаған жөн. Бұны экономист Сапарбай Жобаев та айтып отыр.

— Эстонияда XII ғасырдан бастап тасан, күйдірілген кірпіштен үйлер тұрғызыла бастаған. Ал бізде осындай баспаналар XIX ғасырдан бастап қана салынды. Сол кезден бері тұрғызылған баспаналарды есептесек, елімізде әр азаматқа 25 шаршы метрден келеді. Жаңағы айтқан Эстонияда бұл көрсеткіш — 30-40, Еуропаның кей елдерінде 50 шаршы метрге жеткен. Біз әр азаматқа 30 шаршы метрден жеткізу үшін алдағы 8-10 жылда жыл сайын тұрақты түрде 22 млн шаршы метр тұрғын үй салуымыз керек. Сондықтан елде тұрғын үй құрылысы тұрақты дамуы үшін әр тараптың мүддесін ескеру қажет. Банктер де, құрылысшылар да, несиеге тұрғын үй алушылар да нарыққа ынталы болғаны абзал, — дейді сарапшы.

Бұл ретте еліміздегі тұрғын үй құрылысының динамикасына зер салып көрейік. 2022 жылы көрсеткіш 15,4 млн шаршы метр болса, 2023 жылы — 17,8 млн шаршы метр, 2024 жылы рекордтық деңгейде 19 млн шаршы метр тұрғын үй салынды. Ал 2025 жылы сандар тағы да жаңарып, 20,1 млн шаршы метрге жетті. Демек, көзделген жежені орындауға әлеует толық жетеді.

Абай облысында тұрғын үй құрылысы қарқын алып келеді. Былтыр өңірде 337,6 мың шаршы метр баспана пайдалануға берілсе, биыл бұл көрсеткішті 348,8 мың шаршы метрге жеткізу жоспарланған. Қаңтар-шілде айларында 138,489 мың шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне тапсырылды. Алайда мәселе тек шаршы метрде емес. Әрбір жаңа үй — баспаналы болған отбасы, әлеуметтік тұрақтылық және өңірдің болашағына салынған инвестиция.

Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ, Абай облысы

Қазақстан үшін тұрғын үй мәселесі қашанда әлеуметтік саясаттың өзегінде тұр. Себебі баспана — адамның күнделікті тұрмысын ғана емес, оның ертеңі деген сенімін де айқындайтын фактор. Өз үйі бар азаматтың отбасын құруға, бала тәрбиелеуге, еңбек етуге, кәсіби дамуға деген мүмкіндігі де кеңейеді.

Сондықтан тұрғын үй құрылысының қарқынына тек құрылыс саласының көрсеткіші ретінде қарау аздық етеді. Бұл — тұтас өңірдің экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік ахуалының айнасы. Осы тұрғыдан алғанда, Абай облысында кейінгі жылдары тұрғын үй құрылысына берілген басымдықтың нәтижесі көңілге қонады. Жаңа үйлер бой көтеріп, тұрғын үй инфрақұрылымы кеңейіп, әлеуметтік осал азаматтарды баспанамен қамтуға бағытталған нақты шаралар жүзеге асырылып жатыр.

ШАРШЫ МЕТРДЕН МАҢЫЗДЫСЫ — АДАМ

— 2025 жылдың қорытындысы бойынша қаржыландырудың барлық көздері есебінен Абай облысында 337,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Өсу қарқыны 105,8 пайызды құрады. Бұл — былтырғымен салыстырғанда тұрғын үй құрылысы көлемінің артқанын көрсететін нақты нәтиже, — дейді Абай облысы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Еркін Кенжебекұлы.

Ал 2026 жылы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті облысы бойынша 348,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жөнінде жоспар белгіледі. Жоспар толық орындалған жағдайда өсім қарқыны 103,3 пайызға жетпек.

Облыстық Құрылыс басқармасы басшысы орынбасарының мәліметінше, жыл басынан бергі көрсеткіш те жаман емес. 2026 жылдың қаңтар-шілде айларында облыста 138,489 мың шаршы метр тұрғын

БАСПАНА КӨБЕЙСЕ, БЕРЕКЕ КӨБЕЙЕДІ

үй пайдалануға берілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 107,2 пайызға жоғары.

Цифрлардың өзі көп нәрсені аңғартады. Бірақ статистиканың ар жағындағы әлеуметтік мазмұн одан да маңызды. Бір жаңа үй — бір құрылыс нысаны ғана емес. Ол — жаңа қоныс. Бір пәтер — жай ғана жылжымайтын мүлік емес, бір отбасының тұрмысын өзгертуге мүмкіндік. Сондықтан тұрғын үй құрылысының нәтижесін шаршы метрмен есептеу қажет болғанымен, оның шынайы құны адам тағдырымен өлшенеді. Тұрғын үй салынған сайын құрылыс индустриясы жанданады. Жұмыс орындары ашылады. Құрылыс материалдарына сұраныс артады. Инвестиция келеді. Инженерлік желілер тартылады. Демек, баспана құрылысы — экономиканың бірнеше бағытына қатар серпін беретін сала.

Абай облысы құрылғаннан бері бюджет қаражаты есебінен 48 көппәтерлі және 1 381 екі пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұған қоса, жеке инвесторлардың қаражаты есебінен 92 көппәтерлі тұрғын үй ел игілігіне тапсырылды. Бұл көрсеткіштердің әрқайсысының артында нақты отбасының қуанышы тұр. Бірі жылдар бойы жалдамалы үйде тұрса, енді бірі тар баспаналы болды. Тағы бірі тұрғын үй кезегін күтті. Ал жаңа баспанаға ие болу — мұндай отбасылар үшін әлеуметтік жағдайдың ғана емес, өмір сапасының өзгеруі. Осы жерде тұрғын үй саясатының бір маңызды қыры көрінеді: мемлекет үшін үйдің салынуы ғана емес, оның кімге қолжетімді болуы да маңызды. Бүгінде тұрғын үй бағдарламалары аясында азаматтарға несиелік және жалға берілетін баспаналар ұсынылып, әлеуметтік осал санаттарға арналған пәтерлер де қарастырылуда. Бұл — тұрғын үй саясатының әлеуметтік бағдарын айқындайтын маңызды тетік.

КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАНДАР КӨП

Дегенмен атқарылып жатқан жұмысқа қарамастан, баспана мәселесі әлі де өткір. Қазір облыс бойынша тұрғын үй кезегінде шамамен 33 мың адам тұр. Оның ішінде 22 мыңға жуық тұрғын Семей қаласында кезекте тұрғаны белгілі. Бұл — тұрғын үй құрылысының қарқынын одан әрі арттыру қажеттігін көрсетеді. Өйткені кезекте тұрған әр адам статистикадағы бір сан емес. Оның артында жас отбасы, көпбалалы жануя, мүмкіндігі шектеулі азамат, жетім бала немесе әлеуметтік қолдауға мұқтаж басқа да тұрғын тұр.

Осыған байланысты әлеуметтік осал азаматтарды баспанамен қамтуға бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктерінің маңызы артып отыр.




2025 жылы бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 2,122 млрд тенге, сондай-ақ аудандық бюджеттерді кредиттеу тетігі арқылы 16,133 млрд тенге бөлінді. Нәтижесінде, 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар үшін 1 097 жалға берілетін пәтер сатып алынды. Бұл жерде ең бастысы — бөлінген қаржының көлемі емес, оның нақты нәтижесі. Баспаналы болуды күткен азамат үшін мемлекеттік бағдарламаның тиімділігі есеп-қисаптағы миллиардпен емес, қолына тиген пәтердің кілтпен бағаланады.

2026 жылы да бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға тұрғын үй сатып алуға республикалық бюджеттен 2,122 млрд тенге бөлінді. Бұдан бөлек, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару арқылы 9,4 млрд тенге қаражат тарту көзделуде. Бөлінген және тартылатын қаражаттарды тиімді игеру нәтижесінде жыл соңына дейін осы санаттағы азаматтар үшін шамамен 700 пәтер сатып алу жоспарланған.

Бұл — жүздеген отбасының тұрғын үй мәселесін шешуге мүмкіндік беретін маңызды қадам. Әсіресе көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, жетім балалар және әлеуметтік қолдауға қажет ететін өзге де тұрғындар үшін мұндай мүмкіндік ерекше маңызды. Қоғамның әлсіз тұсында тұрған азаматқа қаншалықты қолдау көрсете алатыны мемлекеттің адамға деген көзқарасын көрсетеді.

Тұрғын үй құрылысы әлеуметтік инфрақұрылымнан бөлек қаралмайды. Абай облысы құрылғаннан бері өңірде 89 әлеуметтік нысан ел игілігіне берілді. Оның



ішінде білім беру саласында — 8, денсаулық сақтау бағытында — 67, спорт саласында — 7, мәдениет саласында — 4 және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында 3 нысан бар. Бұл деректер өңірдегі құрылыс жұмыстарының ауқымы тұрғын үймен ғана шектелмейтіндігін көрсетеді.

Жаңа шағынаудан бой көтерді делік. Оның тұрғындарына мектеп, медициналық нысан, спорт алаңы, мәдениет ошағы мен сапалы инженерлік инфрақұрылым қажет. Яғни заманауи тұрғын үй саясатының мақсаты — төрт қабырға тұрғызу емес, адамның өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік

инфрақұрылымның қатар дамуы — өңірдің орнықты өсуінің маңызды шарты.

Тұрғын үй мәселесінің мемлекеттік саясаттағы салмағы «Әділет» партиясының алдағы бес жылға арналған жеті мақсатынан да көрінеді. Оның алғашқы мақсаты — әр отбасыға барынша жайлы тұрғын үй жағдайын жасау. Бұл ұстанымның астарында үлкен міндет жатыр.

Еліміздің тұрғын үй қоры озық қарқынмен өсуі керек. Ондаған мың отбасы тозған, апатты жағдайдағы үйлерден көшірілуге тиіс. Қиындыққа тап болған үлестік құрылыс нысандарының бәрі аяқталуы қажет. Мұның барлығы бір мақсатқа — азаматтардың қауіпсіз өрі жайлы өмір сүру жағдайын қалыптастыруға бағытталған. Өйткені баспана мәселесі шешілмейінше, әлеуметтік тұрақтылық туралы толыққанды айту қиын. Адамның көңілінде «ертең қайда тұрамын?» деген сауал тұрса, оның басқа мәселелерге алаңсыз ден қоюы да оңай емес. Ал өз үйі бар адамның өмірге деген көзқарасы өзгеше. Ол баласының болашағын жоспарлайды, кәсібін дамытуға ұмтылады, қоғамдағы белсенділігін арттырады. Сондықтан тұрғын үй саясаты — әлеуметтік саясаттың ғана емес, адам капиталын дамытудың да маңызды құралы.

Абай облысының қазіргі құрылыс қарқыны өңірдің экономикалық әлеуеті мен әлеуметтік дамуы қатар жүріп жатқанын көрсетеді. Бір жағынан, тұрғын үйлер салынып жатыр. Екінші жағынан, мектептер мен медициналық нысандар, спорт және мәдениет объектілері іске қосылуда. Үшінші жағынан, әлеуметтік осал азаматтарды баспанамен қамтуға қаражат бағытталуда.

Өңірдің қуаты өндіріс көлемімен немесе инвестиция көлемімен ғана өлшенбейді. Оның басты капиталы — адам. Ал адам капиталының сапасына жайлы тұрғын үй, сапалы әлеуметтік инфрақұрылым және тұрақты әлеуметтік қолдау тікелей әсер етеді. Сондықтан алдағы міндет — тұрғын үй құрылысын тек сан жағынан арттыру емес, оның сапасын, қолжетімділігін және инфрақұрылыммен қамтылуын қамтамасыз ету. Абай облысында бұл бағыттағы жұмысқа берілген серпін — маңызды бастаманың бірі.

Өйткені үй салу — қабырға тұрғызу емес. Үй салу — отбасының ертеңін қалыптастыру. Ал отбасының ертеңі — елдің ертеңі. Бүгін бой көтеріп жатқан әрбір тұрғын үй — өңірдің келешегіне салынған инвестиция. Ал жаңа пәтердің кілтін алған әрбір отбасы — сол инвестицияның ең нақты нәтижесі.

Қуатты өңір — ең алдымен, өз тұрғынына жайлы өмір сүруге мүмкіндік жасайтын өңір. Ал осындай өңірлердің саны көбейген сайын қуатты мемлекеттің де негізі беки түседі. Абай облысындағы құрылыс қарқыны осы ұстанымның нақты көрінісі саналады.

ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ

10 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖОЛЫНАН ЖАҢЫЛМАҒАН ЖОСПАР

Қызылорда облысында тұрғын үй құрылысы мен халықты баспанамен қамту бағытындағы жұмыстар кейінгі жылдары жаңа қарқын алды. Әсіресе 2026 жылға жоспарланған көрсеткіштер өңірдегі тұрғын үй саясатының ауқымы едәуір кеңейгенін аңғартады. Биылғы жоспардың өзі өткен жылдардағы көрсеткіштермен салыстырғанда бірнеше есеге жоғары.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Қызылорда облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы баскармасының мәліметіне қарағанда, 2023 жылы мемлекеттік бюджет есебінен 1 929 тұрғын үй салынған және сатып алынған. Сол уақытта бұл мақсатқа 26 млрд 657 млн теңге бағытталыпты. Оның 1 337-сі сатып алу арқылы болса, 592-сі құрылыс есебінен жүзеге асқан. 2024 жылғы тұрғын үймен қамту көлемі де ауқымды. Бұл жылы аймақта 2 573 тұрғын үйге 40 млрд 335 млн теңге жұмсалыпты. Ал 2025 жылы 2 477 тұрғын үй бойынша 36 млрд 412 млн теңге қарастырылған. Оның 1 827-сі сатып алу, 650-і құрылыс арқылы қамтамасыз етілген. Яғни 2023-2025 жылдары облыста тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған мемлекеттік қолдаудың тұрақты көлемі қалыптасқанын байқауға болады.

Баскарманың мәліметінше, 2026 жылдың жоспары бұл көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Атап айтқанда, биыл облыста 9 734 тұрғын үйді қамту жоспарланып отыр. Бұл көрсеткіш 2025 жылғы межемен салыстырғанда шамамен төрт есеге жуық артық.

Биылғы жоспардың жалпы құны 167 млрд 636 млн теңгені құрайды екен. Оның ішінде 7 820 тұрғын үй сатып алу арқылы қамтылса, 1 914 тұрғын үй құрылыс арқы-

лы жүзеге асырылмақ. Бұл тұрғыда 2026 жылғы жоспардың басым бөлігі жана үй салуға емес, дайын тұрғын үйді сатып алуға бағытталып отырғанын байқауға болады.

Бұл ретте мұндай тәсілдің әлеуметтік маңызы зор саналады. Өйткені құрылыс жобасының аяқталуын бірнеше жыл күтудің орнына дайын пәтерлерді сатып алып, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға беру баспана мәселесін жедел шешуге мүмкіндік берері анық.

Осы орайда айта кететін тағы бір маңызды мәселе — биылғы қаржының басым бөлігінің Қызылорда қаласына бағытталып отырғаны байқалады. Яғни жалпы жоспарланған 9 734 тұрғын үйдің 7 285-і Қызылорда қаласының үлесінде болса, қалған 2 449-ын облысқа қарасты аудандарда жүзеге асыру көзделген.

Сонымен қатар Сыр өңіріндегі тұрғын үйге қатысты қаржылық бөліністе де осы айырмашылық байқалады. Атап айтқанда, қалаға 134 млрд 838 млн 180 мың теңге бөлінсе, ал аудандарға 32 млрд 797 млн 889 мың теңге қарастырылған. Бұл да облыс орталығындағы тұрғын үйге деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Жалпы тұрғын үй саласындағы динамиканы нақты сандармен сөйлетсек, соңғы жылдары атқарылған жұмыстардың ауқымдылығын аңғаруға болады. Бұл



тұрғыда 2023 жылдан 2024 жылға қарай тұрғын үй саны 644 бірлікке көбейгені байқалады. Ал 2025 жылы көрсеткіш әл төмендегенімен, мемлекеттік қолдаудың көлемі жоғары деңгейде сақталған. 2026 жылғы жоспардың ауқымы тіпті жоғары. Жалпы 2023 жылмен салыстырғанда биыл қамтылатын тұрғын үй көлемі шамамен бес есеге, ал жоспарланған қаржы алты еседен астамға ұлғайып отыр. Мұны бірінші кезекте тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған мемлекеттік саясаттың қаржылық мүмкіндігі артқанын көрсететін маңызды көрсеткіш деп атауға болады.

Жыл басынан бергі көрсеткіштер де құрылыс қарқынының жоғары екенін

аңғартады. Оның ішінде қантар-шілде айларында облыста 196,7 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары орындалып, көрсеткіш 134,9 пайызды құраған. Осы кезеңде қаржыландырудың барлық көздері есебінен 442,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Бұл жоспардың 102 пайызға орындалғанын көрсетеді.

Ал қантар-тамыз айларында құрылыс жұмыстарының көлемі 201,9 млрд теңгеге жеткізіліпті. Бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 123 пайыздық көрсеткішке тең дейлі баскарма. Жыл соңына дейін тұрғын үйді пайдалануға беру көлемін 569,8 мың шаршы метрге жеткізу көзделіп отырғанын мәлімдеді. Демек, құрылыс саласын-

ЖАМБЫЛДАҒЫ ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР

«Баспана – бақыт шамы» дейді. Елімізде тұрғын үй саясатын жандандырып, халықты баспанамен қамту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жамбыл облысында да жылда жүйелі жобалар жанданып, жаңа тұрғын алқаптар мен ықшамаудандар күн санап бой көтеріп жатыр.



Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Жамбыл облысы әкімдігінің Құрылыс баскармасы берген ақпаратқа сүйенсек, қазір коммуналдық тұрғын үй қорынан баспана алу кезегінде 62 мыңнан астам азамат тұр екен. Оның ішінде 32 мыңнан астамы әлеуметтік осал топтарға жатады. Олар — көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, жетім балалар және табысы төмен тұрғындар.

Осы азаматтарды баспанамен қамту үшін өңірде әлеуметтік тұрғын үйлер салынып, дайын пәтерлерді сатып алу тетігі де кенінен қолданылып келеді. Биылғы облыста барлық қаржыландыру көздері есебінен 787,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Оның 19,4 пайызы бюджет қаражаты есебінен салынған.

Тұрғын үй кезегіндегі азаматтарды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етуге 39,7 млрд теңге қаралып, жыл қорытындысы бойынша 2 430 азамат баспанамен қамтылып отыр. Оның ішінде 1 535 азамат әлеуметтік осал топтардың өкілдері.

Тарката айтсақ, 18,4 млрд теңгеге 2 190 пәтерге арналған 46 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілген. Жыл қорытындысында 785 пәтерге арналған 16 тұрғын үйдің құрылысы аяқталған. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында пәтерлер сатып алуға республикалық бюджеттен 21,5 млрд теңге бөлініп,

жыл қорытындысы бойынша 1 415 пәтер сатып алынған. Ал биыл барлық қаржыландыру көзі есебінен 787,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Оның 164 мың шаршы метрі немесе 20,8 пайызы бюджет қаражаты есебінен бой көтеруде. Бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етуге 20,0 млрд теңге бөлініп, нәтижесінде 2 035 азамат баспанамен қамтылмақ. Оның ішінде 680-і әлеуметтік осал топ өкілдері. Атап айтсақ, қазір 15,0 млрд теңгеге 2 941 пәтерлі 66 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 1 685 пәтерлі 35 тұрғын үйді пайдалануға беру көзделіп отыр. Сонымен қатар жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 4,9 млрд теңгеге халықтың

шамауданында — 11, «Балауса» ықшамауданында — 17, «Шапағат» ықшамауданында 34 көпқабатты тұрғын үй салынууда. Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбековтің айтуынша, биыл облыс орталығында жалпы 62 тұрғын үй бой көтеріп жатыр. Бүгінге дейін оның төртеуі ел игілігіне беріліп қойса, жыл соңына дейін тағы 27 тұрғын үй құрылысын аяқтау жоспарланған.

— 2023-2026 жылдары қала аумағында жалпы 52 тұрғын үйдің кілті табысталды. Соның нәтижесінде 3 мыңға жуық отбасы баспаналы болды. Сондай-ақ осал топтағы жандар үшін 1 128 пәтер сатып алынды. Биылға әлеуметтік осал санаттағы кезекте тұрған азаматтарға тағы 180 пәтер сатып алу үшін 2,5 миллиард теңге бөлінді.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін кезекте тұрған азаматтарды жер телімімен қамтамасыз ету бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылдары «Ұлы дала» ықшамауданынан — 170, «Шанырақ», «Карасу» алаптарынан 105 жер телімі кезекте тұрған азаматтарға берілді. Қазір Асанбай Асқаров көшесінің соңындағы алаптан 46,4 гектар және «Хамукат» алабынан 125 гектар жер телімі мемлекет қажеттілігі үшін алынып, қажетті инфрақұрылымдар жүргізілуде. Бұл жұмыстар толық аяқталғаннан кейін «Хамукат» тұрғын алабынан — 524, ал Асанбай Асқаров көшесінің соңынан 341 жер телімі кезекте тұрған азаматтарға беріледі, — дейді Бақытжан Әмірбекұлы.

Қаланың тағы бір қарқынды дамып келе жатқан аумағы — «Шапағат» шағынауданы. Жоба бойынша мұнда 351 жеке тұрғын үй мен 82 көппәтерлі тұрғын үй, сондай-ақ көпсалалы аурухана, перинаталдық орталық, инфекциялық ауру-

Тұрғын үй кезегіндегі азаматтарды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етуге 39,7 млрд теңге қаралып, жыл қорытындысы бойынша 2 430 азамат баспанамен қамтылып отыр. Оның ішінде 1 535 азамат – әлеуметтік осал топтардың өкілі.

әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін 350 тұрғын үйді сатып алу жоспарлануда.

Кейінгі жылдары Тараз қаласының шекарасы кеңейіп, жаңа аудандар құрылғанынан ел хабардар. Сондықтан тұрғын үй құрылысының ең үлкен аумағы облыс орталығында қалыптасуда. Бүгінде шаһарда тұрғын үй алу кезегінде 32 мыңнан астам азамат тұрса, осы мәселені оңтайлы шешу үшін «Ұлы дала» ық-

хана, үш мектеп, спорт кешені, өрт сөндіру депосы, мешіт және басқа да әлеуметтік нысандар салынады. Ықшамауданда 2023 жылы 720 пәтерлі 16 тұрғын үйдің құрылысы басталған болса, 2024 жылы 540 пәтерлі 12 тұрғын үй пайдалануға берілді. Қазір 180 пәтерлі 4 тұрғын үйдің құрылысы аяқталу сатысында. Сондай-ақ 1 176 пәтерлі 30 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Биылғы қорытынды бойынша 380 пәтерлі 9 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Бұдан бөлек, жалпы 1 800 пәтерге арналған 36 тұрғын үйдің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, жобаның сметалық құны 34,3 млрд теңгені құрап отыр.

Өңірдегі тұрғын үй саясатына халық ыстық ықыласын білдіріп жатыр. Бұл сөз жоқ, жүйелі жұмыстың жемісі екені хак. Енді алда бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, бұқараны бақытқа кенелте береді деп сенеміз.

Халықты тұрғын үймен қамту көрсеткіші – елдің әл-ауқатын айқындайтын аса маңызды көрсеткіш. Бұл бағытта Ақмола облысында кейінгі жылдары ауқымды жұмыстар атқарылып, баспанамен қамту мәселесін шешуге аса зор басымдық беріліп келеді. Өңірде жаңа үйлер бой көтеріп, әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға баспана үлестіріліп жатыр. Осылайша, тозығы жеткен тұрғын үйдің орнын заманауи нысандар толтыра бастады.

МЫҢДАҒАН ШАҢЫРАҚТЫҢ ЖАҢА ӨМІРІ

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Облыстың Құрылыс, сәулет және қала құрылысы баскармасының дерегінше, өңірде тұрғын үй құрылысы қарқын алып, баспанаға мұқтаж азаматтарды қолдау мен ескі тұрғын үй қорын жанарту қатар жүріп келеді. Кейінгі 3 жылдың ішінде ғана өңірде барлық қаржыландыру көзі есебінен 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы кезеңде 3 мыңнан астам кезекте тұрған отбасы баспаналы болған.

Жалпы, бұл көрсеткіштің жыл сайын артып келе жатқаны назар аударарлық. Мәселен, 2023 жылы облыста 658,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2024 жылы 670 мың шаршы метр, ал 2025 жылы 703 мың шаршы метр тұрғын үй азаматтардың игілігіне тапсырылған. Яғни 3 жылдың ішінде құрылыс көлемі төмендемей, керісінше тұрақты өсім көрсеткені байқалды.

— Тұрғын үй құрылысының тұрақты өсуіне бірқатар фактор әсер етіп отыр. Соның ішінде мемлекеттік бағдарламалар, бюджет қаражаты, жеке инвестициялар және тұрғын үйді қаржыландырудың түрлі тетігі маңызды рөл атқарады. Бүгінде басты міндет — тұрғын үй құрылысын тек облыс орталығында емес, аудандарда да жүйелі түрде дамыту көзделіп отыр. Сонымен бірге жаңа үйлердің сапалы салынуы, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастырылуы жіті назарда, — дейді облыстың Құрылыс, сәулет және қала құрылысы баскармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Байқуанышев.

Еліміздегі тұрғын үй саясатының маңызды бағыты — баспанаға мұқтаж азаматтарды, әсіресе әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарды қолдау екені рас. Құзырлы органның статистикасына сенсек, кейінгі 3 жылда 1 747 отбасы жаңа көппәтерлі тұрғын үйлер салу есебінен, тағы 1 857 отбасы тұрғын үй сатып алу тетігі арқылы баспанамен қамтылған. Бұл бағыттағы жұмыстар 2023 жылдан бері жүйелі түрде жалғасып келеді. Мәселен, 2023 жылы облыста 4 көппәтерлі тұрғын үй салынып, оның ішінде 2 жалдамалы үйдегі 85 пәтер және 2 несиелік үйдегі 105 пәтер пайдалануға берілді. Бұған қоса, әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін 251 тұрғын үй сатып алыныпты.

Аймақта 2024 жылы тұрғын үй құрылысының қарқыны бірден арта түскен. Бір жылдың ішінде 23 көппәтерлі тұрғын үйдегі 1 199 пәтер пайдалануға берілді. Оның 122-сі 3 жалдамалы үйде болса, 1 077-сі 20 несиелік үйде орналасқан. Сонымен бір-

дағы серпін жоғары. Мұны жылдың алғашқы сегіз айындағы көрсеткіштерден байқауға болады.

Сонымен қатар тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында 5 613 пәтерді сатып алу және салу жоспарларда тұр. Оның ішінде Қызылорда қаласында құрылысы жүргізіліп жатқан 7 қабатты, 84 пәтерлі екі тұрғын үйден — 168 пәтер, ипотекалық тұрғын үй бағдарламалары аясында 945 пәтер, халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған арендалық тұрғын үй бойынша 1 647 пәтер қарастырылған. Жоспар бойынша осы жылдың соңына дейін 2 760 пәтерді пайдалануға беру көзделсе, қалған 2 853 арендалық пәтерді келесі жылы пайдалануға беру көзделіп отыр.

Биыл тұрғын үй аумақтарында 38 Бинженерлік инфрақұрылым жобасын іске асыруға 22,5 млрд теңге қаралған. Оның ішінде 7,3 млрд теңге облыстық бюджеттен, ал 15,2 млрд теңге бағалы қағаздар шығару есебінен қаржыландырылу көзделіп отырғанын алға тартады. Мұндай жұмыстар тұрғын үй құрылысының инженерлік инфрақұрылымын қатар дамытуға мүмкіндік арттырады деген пікірде.

Сыр өңірінің тұрғын үй құрылысы саласында Қызылорда қаласының сол жағалауындағы құрылыс қарқыны да жоғары. Заманауи сәулеті қалыптасып, ауқымы кеңейе түскен жаңа шағынауданда тұрғын үй кешендерінің үлесі басым. Нақты кезеңде аталған аумақта 252 пәтерден тұратын 7 қабатты үш кредиттік тұрғын үй салуға бағалы қағаздар шығару есебінен 3,5 млрд теңге бөлінген.

Жалпы, 2026 жыл Қызылорда облысы үшін тұрғын үй мәселесін шешуде жаңа серпін беретін кезең болатын тұр. Ендігі кезекте жоспарланған жобалардың уақытында әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету міндеті жүктеліп отыр.

ге әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға арналған 850 тұрғын үй сатып алынған.

Ал 2025 жылы 8 көппәтерлі тұрғын үйдегі 358 пәтер ел игілігіне берілді. Оның ішінде 4 жалдамалы үйде — 108 пәтер, 4 несиелік үйде 250 пәтер бар. Әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарды баспанамен қамту үшін тағы 756 тұрғын үй сатып алынған. Бір қарағанда, қарапайым сандар болып көрінгенімен, осы цифрлардың әрқайсысының артында өз үйін ондаған жыл бойы күткен, балаларының болашағын ойлаған, баспанаға қол жеткізуді армандаған адамдар тұрғаны айдан анық.

Өңірде тұрғын үй құрылысы биыл да жалғасып жатыр. Мәселен, тек биылғы жылдың алғашқы алты айында облыста 274,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы кезеңде 2 мыңға жуық отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік алды. Жыл соңына дейін өңірде кемінде 1 200 пәтер салу жоспарланыпты.

Өңірде реновация бағдарламасы аясында 8 көппәтерлі тұрғын үй салынып, пайдалануға берілген. Олардағы пәтер саны — 680. Сонымен қатар 21 ескі тұрғын үй бұзылып, олардың орнында жаңа құрылысқа мүмкіндік жасалды. Бұл — шаһарда ондаған жыл бойы апаттық жағдайға жетіп құлауға шақ қалған үйлерді сүріп жанартудың ғана емес, адамдарға қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастырудың нақты көрінісі екені сөзсіз. Жалпы, ресми деректер бойынша кейінгі екі жылда Көкшетау, Буланды, Бұрабай және Аршалы аудандарында 23 ескі тұрғын үй сүріліп, тұрғындарды көшіру үшін 763 пәтерлі 10 көпқабатты үй салынғанын көрсетілген. Нәтижесінде 248 отбасы жаңа баспанаға көшсе, тағы 73 меншік иесіне өтемақы төленген.

— Ақмола облысында реновация бағдарламасы 2024 жылдың қарашасында басталды. Қазірдің өзінде 23 ескі әрі тозығы жеткен ғимарат сүріліп, олардың орнына 763 пәтерлі 10 жаңа тұрғын үй кешені салынды. Нәтижесінде 248 ескі үйдің меншік иесі жаңа пәтермен қамтамасыз етілді. Биыл тағы 11 жоба жүзеге асырылып, шамамен 70 ескі үй сүріледі. Оның орнына 1 200 пәтерлік жаңа тұрғын үй салу жоспарланған, — дейді KOKSHE ӘКК баскарма төрағасының орынбасары Әли Әлиев.

Ақмола облысындағы тұрғын үй құрылысының бүгінгі қарқыны бір ғана санмен өлшенбейді. 2 миллион шаршы метрден астам жаңа баспана мыңдаған отбасы үшін жаңа мүмкіндіктің басталуына жол ашатыны айқын. Бұл орайда 703 мың шаршы метр — 2025 жылғы рекордтық көрсеткіштердің бірі болса, 2026 жылдың алғашқы алты айының нәтижесі 274,4 мың шаршы метрге жетіп отыр.



СЕРПІН

10 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

БІЛІМ мен ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ

Еліміздің даму бағытын айқындайтын әрбір тарихи шешімнің өзегінде адам және оның болашағы тұруға тиіс. Өйткені мемлекеттің қуаты табиғи ресурстарымен ғана емес, ең алдымен білімді, білікті, еңбекқор және отаншыл азаматтарының әлеуетімен өлшенеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен 2026 жылғы 26 тамызда өткен Тамыз конференциясының пленарлық отырысында нақ осы мәселелер күн тәртібінің маңызды өзегі ретінде айқындалды.

Президенттің қатысуымен жыл сайын өтетін Тамыз конференциясы еліміздің білім беру жүйесі үшін айрықша маңызы бар қоғамдық диалог алаңына айналды. Мемлекет басшысы пленарлық отырыста білім беру саласының өзекті мәселелерімен қатар еліміздің жаңа тарихи дәуірде адам капиталын қалыптастыру, жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, педагог мәртебесін арттыру, ғылым мен инновацияны дамыту, жасанды интеллект мүмкіндіктерін оқу үдерісіне енгізу, білім сапасындағы алшақтықтарды азайту және кәсіби маман даярлау сияқты ауқымды стратегиялық міндеттерді белгілеп берді.

Осы тұрғыда айта кететін жайт, еліміздің жаңа Конституциясының саяси бастамашысы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев адами капиталды жетілдіру, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін үнемі баса айта жүріп, осы идеяның конституциялық тұрғыдан бекітілуіне айрықша үлес қосты. Жаңа Халық Конституциясы 3-бабының 2-тармағында: «Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде таниды», — делінген.

Менінше, бұл — еліміздің даму философиясындағы аса маңызды өзгеріс. Білім, ғылым және инновацияның стратегиялық маңызы алғаш рет мемлекеттің басты құжатында осындай деңгейде орнықтырылып отыр. Бұл мемлекетіміздің болашақтағы басымдықтарын нақты көрсетеді. Яғни ендігі кезеңде адам капиталына инвестиция салу, білім мен ғылымды дамыту — белгілі бір саланың ғана міндеті емес, тұтас мемлекеттік саясаттың іргелі бағыты.

Бүгінде осы конституциялық қағидаттың нақты істермен сабақтасып отырғанына баршамыз куә болып отырмыз. Президенттің нақты қолдауы мен ауқымды реформаларының нәтижесінде оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру салаларында елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Соңғы жеті жылда білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артып, 6,4 триллион теңгеге жетті. Бұл — білімнің мемлекет дамуындағы стратегиялық ролінің айқын көрінісі.

Білімге жасалған инвестиция — ең алдымен адамға жасалған инвестиция. Ал адам капиталының сапасы — мемлекеттің ұзақмерзімді бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі фактор.

Мемлекет басшысы айқындаған жоғары білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету, кәсіби маман даярлау жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыру аясында Ғылым және жоғары білім министрлігінің жүйелі жұмысы мен қолдауының нәтижесінде мемлекеттік білім беру гранттарының көбеюі де маңызды көрсеткіш. Кейінгі бес жылда республика бойынша мемлекеттік білім беру гранттарының саны шамамен 30 мыңға артты. 2025–2026 оқу жылында олардың жалпы саны 93 232-ге жетті. Оның ішінде 77 084 грант бакалавриатқа, 13 229 грант магистратураға, 2 919 грант докторантураға бөлінді.

Бұл — жастардың сапалы білім алуы үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған нақты мүмкіндік. Білім алуға жол ашылған сайын қоғамның зияткерлік мүмкіндігі де, экономиканың әлеуеті де арта түседі. Осы мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесін өз университетіміздің бүгінгі тынысынан да анық көруге болады.

2026–2027 оқу жылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне барлық деңгейдегі 1 148 мемлекеттік грант бөлінді. Оның ішінде бакалавриатқа — 825 грант, магистратураға — 145, докторантураға — 53, дайындық курсына — 35, университет жанынан ашылған Жүсіпбек Аймауытов атындағы колледжге 90 грант қарастырылды.

Оның ішінде университеттің өз бастамасымен бөлінген білім гранттарын да атап өткен жөн. Биыл университеттің білім беру гранты ретінде бакалавриатқа — 100 грант, докторантураға 20 грант бөлінді. Жаңа оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша

барлығы 2 439 талапкер студент атанды. Ал магистратураға — 290, докторантураға 55 талапкер қабылданды. Сонымен қатар университет жанындағы Жүсіпбек Аймауытов атындағы көпсалалы колледжге 177 білім алушы қабылданды.

Бұл көрсеткіштер университетке деген талапкерлер сенімінің жоғары екенін көрсетумен қатар, педагогикалық білімге деген қоғамдық сұраныстың да сақталып отырғанын айғақтайды.

Осы орайда айта кетуіміз қажет, мемлекет тарапынан жоғары білім саласына көрсетіліп отырған қолдау білім гранттарын бөлумен ғана шектелмейді. Университеттердің материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға және білім алушыларға заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға да айрықша мән беріледі. Соның нақты мысалы — Жәнібеков университетінің инфрақұрылымдық әлеуетінің артып, университеттің екі жаңа оқу корпусымен толықтырылуы. Бұл — білім беру сапасын арттыруға, студенттер үшін қолайлы академиялық орта қалыптастыруға және университеттің заманауи талаптарға сай дамуына жасалған маңызды қадам.

Мемлекет басшысы Тамыз конференциясының пленарлық отырысында: «Елімізге тағы да 5 мыңнан астам мұғалім керек. Себебі халық саны тұрақты түрде артып келеді. Соңғы жылдары салынып жатқан мектептердің де саны едәуір көп. Осы жағдай педагог мамандарға деген сұранысты арттырып отыр», — деді.

Расында да, мектептер саны көбейгенімен, олар қанша жерден заманауи болғанымен, мектеп қабырғасында білікті



әрі өз ісіне берілген ұстаздар болмаса, білім сапасын арттыру мүмкін емес.

Бұл ретте ғасырға жуық тарихы бар Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті педагогикалық білімнің ел болашағын қалыптастырудағы шешуші ролін терең сезіне отырып, заман талабына сай білікті, жаңашыл әрі бәсекеге қабілетті ұстаз даярлауды басты миссиясы санайды. Жүз жылға жуық уақыт ішінде университет 90 мыңнан астам ұстаз даярлап шығарды. Сондықтан бұл — жай ғана жоғары оқу орны емес, талай буын педагогтің кәсіби қалыптасуына жол ашқан, бүгінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай еңбек сіңіріп жүрген қаншама мұғалімдер, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері түлеп ұшқан, білім кеңістігінде өзіндік орны бар іргелі қара шаңырақ. Университетіміз сан мыңдаған жасқа сапалы білім беріп, еліміздің педагог кадрларға деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету ісіне едәуір үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы пленарлық отырыста жасанды интеллектті білім беру саласына енгізудің маңызын атап өтті. Президенттің: «Қазір — білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертен заман көшінін басында жүреміз», — деген сөзі бүгінгі кезеңнің сипатын дәл көрсетеді.

Сол себептен де бүгін біз педагог даярлаудың дәстүрлі моделінен жаңа парадигмаға көшу кезеңінде тұрмыз. Қазіргі мұғалім тек білім беруші емес. Ол — зерттеуші, цифрлық технологияларды меңгерген маман, деректермен жұмыс

істей алатын сарапшы, оқушының жеке қажеттіліктерін түсінетін тьютор және қоғамның құндылықтарын қалыптастырушы тұлға.

Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық жоғары білімнің басты міндеті — дипломы бар маман даярлау емес, өзгермелі еңбек нарығына, цифрлық трансформацияға және жасанды интеллект дәуіріне бейімделе алатын сапалы адами капитал қалыптастыру.

Мемлекет басшысының цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану, жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу жөнінде белгілеген стратегиялық басымдықтарды жүзеге асыру шеңберінде Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен жоғары білім саласында AI-Sana инновациялық бағдарламасы әзірленіп, бүгінде сәтті іске асырылуда. Студенттердің жасанды интеллект саласындағы білімін, цифрлық дағдыларын мен практикалық құзыреттерін дамытуға бағытталған бұл бағдарлама аясында университетіміз жүйелі жұмыстар жүргізуде.

AI-Sana бағдарламасы кезең-кезеңімен іске асуда. Жәнібеков университетінен 1 289 студент осы бағдарламаның екінші кезеңіне өтіп, оның ішінде 1 024 студент Қазақстандық Platonus Academy платформасы мен Стэнфорд университетінің мамандарымен әзірленген Smile платформасында 135 сағаттық сабаққа қатысып, сертификаттарын алды. 10 апталық бағдарлама барысында студенттер жасанды интеллект өнімдерін әзірлеу, вайбкодинг, машиналық оқыту модельдерімен, Google Colab және Jupyter платформаларымен жұмыс істеу, үлкен тілдік модельдерді қолдану, ЖИ этикасы, дизайн-ойлау және стартап идеясын өнімге айналдыру бағыттары бойынша практикалық білім алды.

Бағдарлама аясында университетіміздің студенттері ZegAq атты оқу аналитикасы және оқу процесін сүйемелдеу платформасын әзірледі. Жоба студенттердің үлгерімін талдап, оқу барысындағы тәуекелдерді 92% дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді.



“**Педагогикалық жоғары білімнің басты міндеті – дипломы бар маман даярлау емес, өзгермелі еңбек нарығына, цифрлық трансформацияға және жасанды интеллект дәуіріне бейімделе алатын сапалы адами капитал қалыптастыру.**”

Сонымен қатар AI-Sana бағдарламасы аясында Astana Hub-пен бірлесіп ұсынылған Lerna және Skillbox платформаларындағы «ЖИ негіздері: ChatGPT» курсының университеттің 8 151 білім алушысы және 444 оқытушысы толық аяқтап, сертификатталды. Бұл — университет қауымының цифрлық құзыреттілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Осы бастамалардың барлығы болашақ мамандардың цифрлық дәуірдің талаптарына сай даярлауға, білім беру сапасын арттыруға және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдаланатын жаңа буын қалыптастыруға бағытталған. Президент пленарлық отырыста: «Балалардың ғылымға қызығушылығын оятпасақ, адам әлеуетін нығайту мүмкін емес», — деп атап өтті. Бұл бағытта университетімізде адами капиталды дамытуға және жас ұрпақты ғылыми-зерттеушілік әлеуетін арттыруға тікелей бағытталған бірқатар ғылыми жобалар жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, ауылдық және шағын жинақты мектептерді дамытудың концептуалдық негіздерін әзірлеуге бағытталған 450 млн теңгелі ірі бағ-



дарламалық-нысаналы жоба іске асырылуда. Сонымен қатар оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайын жасанды интеллект арқылы талдау және болжау, мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттерін дамыту, университет білім алушылары мен түлектерінің кәсіби дамуы мен мансаптық кеңесіне арналған IT шешімдерді әзірлеу, химия мен биологияны оқытуда виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын қолдану бағыттарында жобалар жүзеге асуда. Осы ғылыми жобалардың жалпы қаржыландыру көлемі 734 млн теңгеден асады. Бұл жұмыстардың басты ерекшелігі — ғылыми зерттеулердің нәтижесі университет қабырғасында қалып қоймай, нақты білім беру тәжірибесіне енгізіліп, мектептерді дамытуға, педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға және жас ұрпақтың ғылымға қызығушылығын қалыптастыруға бағытталуында.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан — академиялық білім аймағы» стратегиялық серіктестер форумында еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуының маңыздылығын атап: «Қазақстан жаһандық білім нарығының бір бөлігіне айналуы көздеп отыр... Сондықтан әлемдік академиялық кеңістікке шығуға саналы түрде маңызды қадам жасадық», — деді.

Осы тұрғыда Президент шетелдің жетекші жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, олардың Қазақстандағы филиалдары мен бөлімшелерін ашу, бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларын дамыту, сондай-ақ озық халықаралық тәжірибені отандық жоғары білім беру жүйесіне енгізу жөніндегі міндеттерді айқындап, осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп, өз нәтижелерін беруде.

“**Педагогикалық жоғары білімнің басты міндеті – дипломы бар маман даярлау емес, өзгермелі еңбек нарығына, цифрлық трансформацияға және жасанды интеллект дәуіріне бейімделе алатын сапалы адами капитал қалыптастыру.**”

Аталған міндеттерді іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Университетіміз халықаралық ғылыми кеңістікке ықпалдасуға бағытталған стратегиялық бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асыруда.

Бүгінде Жәнібеков университеті базасында Түркияның беделді зерттеу университеттерінің бірі — Гази университетінің филиалы жұмысын бастап, биылға 80-ге жуық студент қабылдады және 2026–2027 оқу жылына оның «Шет тілі мұғалімдерін даярлау» бағдарламасы бойынша 100 білім алушыға мемлекеттік білім беру тапсырысы белгіленген.

Халықаралық ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты — қос дипломды білім беру бағдарламалары. Қазір қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдік университеттермен бірлесіп халықаралық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. Жәнібеков университеті мен Қытайдың Сиань шет тілдер университетінің серіктестігі де — осы бағыттағы нақты нәтижелердің бірі. Осы оқу жылынан бастап қос диплом бағдарламасы бойынша 10-нан астам студент білім ала бастайды.

26 тамызда өткен Тамыз конференциясының пленарлық отырысында Президент «Білім мен тәрбие — кез келген қоғамның қос тұғыры» екенін атап өтті. Біз бұл қағиданы жоғары білім беру жүйесінің де негізгі ұстанымдарының бірі деп білеміз. Жоғары оқу орнының түлегі кәсіби тұрғыдан білікті болғаны аз. Ол адалдықты, еңбекқорлықты, жауапкершілікті, отаншылдықты бойына сіңірген азамат болуға тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда Жәнібеков университеті жастар тәрбиесіне де айрықша көңіл бөледі. Университетте студенттердің азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін, көшбасшылық және әлеуметтік белсенділік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Студенттерді қоғамдық жұмыстарға, волонтерлік бастамаларға, мәдени-шығармашылық және спорттық іс-шараларға тарту арқылы олардың тұлғалық дамуына қолайлы орта қалыптастырылуда.

Жалпы, университет қабырғасында білім алып жатқан студент — ертеңгі күні өмірлердегі мектептерде мұғалім, колледждерде оқытушы. Сондықтан болашақ педагогтің кәсіби білімімен қатар тәрбиесі каншалықты жоғары болса, елдің келешек ұрпағы да соншалықты мықты болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тамыз конференциясының пленарлық отырысында: «Ұстаз — ұлттың шамшырағы», — деп атап көрсетті. Бұл сөздің астарында ұстаз еңбегінің қоғамдағы орны мен жауапкершілігі жатыр.

Кейінгі жылдары Президент айқындаған нақты міндеттер аясында ұстаз беделін арттыру және жан-жақты қолдау жөнінде белсенді жұмыстар атқарылып жатыр. «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заңның қабылдануы, оған кейіннен қосымша құқықтық және әлеуметтік кепілдіктердің енгізілуі, 5 қазанның ұстаздардың кәсіби мерекесі ретінде нақты бекітілуі — мұғалім еңбегінің мемлекет тарапынан жоғары бағалануының айқын көрінісі. Мемлекеттік марапаттар тізіміне «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағының енгізілуі де — педагог мамандығының абыройын көтеруге бағытталған маңызды қадам. Қазірдің өзінде 100-ге жуық мұғалім осы мәртебелі атақпен марапатталды. Кейінгі үш жылда үш мұғалімге ең жоғары мемлекеттік награда — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Президент тарапынан ұстаздарға көрсетіліп отырған жүйелі қолдау мұғалімнің қоғамдағы мәртебесін арттырып, кәсіби жауапкершілігін күшейтеді. Ұстаз еңбегінің бағалануы педагогтердің өз ісіне деген сенімін нығайтып, білім сапасына оң ықпал етеді. Сонымен қатар мұғалім мамандығының беделін көтеру жастардың педагогикалық мамандықты саналы әрі болашағы зор кәсіби бағыт ретінде тандауына серпін береді.

Бүгінгі білім мен ғылымның жетістігі — ертеңгі Қазақстанның келбеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 26 тамыздағы пленарлық отырыста айқындаған басымдықтары бізге үлкен мақсат пен зор жауапкершілік жүктейді. Бұл міндеттерді орындау үшін мемлекет, білім беру ұйымдары, ұстаздар, ғалымдар, ата-аналар мен жастар бір бағытта жұмылуы қажет. Ғылыми мықты, білімі терең ұрпақ — қуатты мемлекеттің тірегі. Халқымыздың «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген тағылымды сөзі бар. Ендеше елдің ертеңі үшін бірге еңбек етейік, бірге ізденейік, бірге биік белестерді бағындыра берейік!

Кайрат БАЛАБИЕВ,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
ОҚПУ Басқарма
Төрағасы — Ректоры

ҚОҒАМ

БИЫЛҒЫ АСТЫҚТЫҢ БӘСІ БӨЛЕК



Қазақстан астық жинаудан былтырғы рекордына жете алмауы мүмкін. Есесіне сападан ұтады. Алдын ала болжамдар астық көлемі былтырғы жылғыдан 4 миллион тоннаға аз болуы ықтимал екенін көрсетеді. Бұған ауа райының қолайсыздығы, бірқатар өңірде тіркелген қуаңшылық, аномальді аптап әсер етіпті. Дегенмен Ауыл шаруашылығы министрлігі оптимизм сақтап отыр: астықтың қомақты боларына сенімді. Бұл сенімнің қаншалықты негізді екені күзгі жиын-терімнің қорытындысында ғана айқындалмақ. Жалпы, орақ науқаны қалай жүріп жатыр? Қандай мәселелер туындады?

А Елдос СЕНБАЙ

ДӘН ТАҒДЫРЫ ТАРАЗЫДА

Ауа райы жағдайына байланысты Қазақстан 2026–2027 маркетингтік жылында рекордтық 2025 жылмен салыстырғанда 4 миллион тоннаға кем астық жинауы мүмкін. Мұндай болжамды АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі жариялады. Оның жорамалына сәйкес, бұған елдегі құрғақ вегетациялық кезең, жаздағы қалыптан тыс аптап себеп болмақ. «Қазгидромет» бұған дейін елдің 11 өңірінде төтенше өрт қаупін жариялаған-тын. Жергілікті сарапшылар да шетелдік өріптестерімен үндес пікірде. Қазақстанның Астық одағы хабарлағандай, астық өсіретін өңірлерде егістіктің бір бөлігі қурап қалды. Қатты ыстық пен қуаңшылық елдің астықты облыстарындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының жайқала өсуіне жағымсыз ықпалын тигізген.

— Жазда елдің егінді өңірінің көбінде құрғақ әрі ыстық ауа райы орныкса, кей жерде нөсерлете жанбыр жауды. Ауа температурасы күндіз 45 градусқа дейін көтерілді. Егістіктердің бір бөлігі нашар күйде. Елдің орталығы мен шығысындағы ылғал тапшылығына байланысты сарапшылардың көпшілігі астық былтырғыдан 15–20%-ға нағмен болады деп тұспалдайды, — делі одақ сарапшысы Евгений Карабанов. Бір жағында мамандардың сак болжамы, екінші жағында министрліктің оптимистік ұстанымы. Егістіктегі егін ору науқаны осы екі пікірдің қайсысының шындыкка жакын екенін өлшейтін таразыға айналады.

АШМ көнілсіз тұжырымдарды жоққа шығарды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов жаппай қурап қалған егістер жоққа тән деп отыр. Биылғы астықтан айырылып қалу қаупі төніп тұрған жоқ көрінеді. — Астықтан айырылып қаламыз деген үлкен қауіп-қатер жоқ. Негізгі астық өсіретін облыстарда егістіктерге мониторинг жүргізілді. Солтүстік өңірлерде құрғақшылықтың әсерін жойған жанбыр жауды. Егістіктердің 98%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда тұр. Жаппай қурап, қурыған егістер жоқтың қасы, — делі А.Сұлтанов.

Вице-министр отандық фермерлердің құрғақшылық жағдайларына алдын ала дайын болғанын нақтылады. Олар қуаңшылыққа төзімді тұқымдарды екті, вегетация кезінде қоректендіру үшін минералды тынайтықыштар төкті. Мұның бәрі өнімді жоғалтпауға көмектесіпті.

Бір жыл бұрын Қазақстан мол өнімінің қуанышына кенеліп еді: 2025 жылы диқандар қамбаға 27,1 миллион тонна астық құйды. Оның 20,3 миллион тоннасы бидай болды: бұл тарихи максимум саналады. Алайда биылғы маусым мүлде басқа климаттық жағдайда өрбіп жатыр. Маусым айы аспан айналып жерге түскендей ерек ыстықпен жер апшысын қуырса, шілде жана температуралық рекорд орнатты. Қазгидрометтің мәліметінше, тамыз да тыс қалмай, бірден бірнеше өңірге құрғақшылық қаупін төндірді. Осындай алаңдатарлық ахуалға қарамастан, Ауыл шаруашылығы министрлігі дәнді және майлы дақылдардың егіс жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп бағалап отыр. Әйткенмен, мамандар тәуекелдер сақталғанына нағмен аудартады.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов егіс алқаптарын көбірек кіріс өкелетін дақылдарға ауыстыра отырып, жоспарлы түрде әртараптандыру жұмысы жалғасқанын қаперге салды. Мәселен, майлы дақылдардың аланы тарихи биік межесіне — 4,3 миллион гектарға жетті. Құнбағыс, рапс, зығыр, соя мен мақсарыны кеудесіне нан піскен алпауыт Кеңес одағы да осыныша көп көлемде екпеген екен.

бойынша шарттар жасалып, төлем жүргізілді. Бұл бөлінген көлемнің 40%-ын құрайды. 143 мың тоннасы немесе 36%-ы жөнелтілді.

Жалпы, Халықаралық астық кеңесінің болжамына сай, Қазақстан биылғы маусымда 15,3 миллион тонна бидай алуы мүмкін (2025 жылғы болжам 19,3 миллион тонна болған). Отандық фермерлер шығымдылық бұдан да аз, 13–13,5 миллион тонна болады деп күтіп отыр. Ауа райы жағдайлары — аптап пен құрғақшылық қол байлады.

Бірақ аграршылардың бір өкінішке қоса, бір жұбанышы бар: астық көлемі аз болғанмен, оның сапасы былтырғыдан жоғары болмақ. Ыстық жаз жоғары деңгейдегі глютені бар астықтың қалыптасуына септесті. Сондықтан элеваторларға түсетін бидай негізінен hі-pro-ға жақын. Демек, биылғы егіннің даралығы көлем мен сапаның арасындағы күрделі тепе-теңдіктен көрінуі мүмкін. Ал сапалы өнімді қымбаттырақ сатуға болады.

САҚТАУ МЕН БАПТАУ — ЖЕКЕ ТҮЙТКІЛІ

Ауыл шаруашылығы саласындағы компаниялардың бірінің директоры Шыңғыс Ахмеров журналистерге сұхбатында бірқатар солтүстік, орталық және шығыс өңірлердегі жағдайды бағалай келе, жергілікті жердегі ахуал жалпы көріністен әлдеқайда күрделі екенін жеткізді.

— Ауыл шаруашылығы министрлігінің дәнді дақылдар егістігінің 98%-ы жақсы жағдайда деп мәлімдеуі, бұл, сірә, Костанай және Солтүстік Қазақстан облыстарына және Ақмола облысының жартысына қатысты шығар. Павлодарлықтардың және қарағандылықтардың біраз егісі қурап қалды. Шығыс өңірі де зардап шекті. Небәрі 30 миллиметрге жуық жауын-шашын түсті, — делі Ш.Ахмеров.

Оның айтуынша, бірқатар өңірдегі жағдай әлі де күрделі күйде қалып тұр: егістіктердің бір бөлігі қатты зардап шеккендіктен, кейбір шаруашылықтар қураған егінді жинаудан бас тартып, алқаптарды келесі жылға дайындау үшін қайта жыртып тастауға мәжбүр болды.

— Мәнінше, ел бойынша орта есеппен алғанда бидай дақылдарының жалпы көлемі 13 миллион тоннадан аспайтын шығар. Бірақ нақты жағдай тек егін жинау толық аяқталып, қысқа қарай нарықта қандай жағдай қалыптасқаны айқындалған соң түсінікті болады, — делі аграршы.

Қазақстанның Астық одағы талдау комитетінің басшысы Евгений Карабанов та түпкілікті қорытынды жасауға әлі ерте деп есептейді: «Биылғы бидай кез келген жағдайда ішкі қажеттіліктерді, өңдеуді және экспорттауды қамтамасыз етуге жеткілікті болмақ. Тапшылық болмайды. Ауа райы құбылып тұр: жанбыр жауып жатыр. Синоптиктер алда үсік ұруы да мүмкін деген болжамын таратты. Бір нәрсе анық: былтырғы жылғыдай рекордтық өнім күтімейді», — делі Е.Карабанов.

Тек астықтың шығымдылығымен мәселе бітпейді. Астықты дұрыс сақтамау салдарынан Қазақстанның аграрлық секторы әлеуетті кірістің жүзегінен миллиард теңгесін жоғалтуы мүмкін. Өнімді кептіру, тазарту және дұрыс сақтау — өмірлік қажеттілік. Астықты дұрыс сақтамаудан келетін әлеуетті шығындар 300 миллиард теңгеге бағаланды. Бұл мәселені диқандар Астанадағы ЕХРО орталығында 21–23 қазан аралығында өтетін KazAgro-Farm-2026 көрмесінде сөз етпек.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне, елдегі элеваторлардың және басқа астық сақтау орындарының сыйымдылығы 30,9 млн тоннаны құрайды, оның 17,4 миллионы — фермерлердің қоймасы. Оның едәуір бөлігі өңдеу мен сақтаудың сапалы жүйелерімен жабдықталмаған. Сарапшылардың бағалауынша, бұл бүкіл өнімнің 15–20%-ын немесе 250–300 миллиард теңгеге дейінгі кірісті жоғалтуға өкелуі мүмкін.

— Заманауи технологиялар бұл тәуекелдерді азайтуға, өнім сапасын сақтауға және аграршылардың элеваторларға тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді. Сондықтан көрмеде Испания, Дания, Түркия, Қытай, Ресей және басқа елдердің шешімдері, соның ішінде астық кептіргіш және астық тазартқыш жабдықтар ұсынылмақ. Яғни біздің фермерлерде енді өз шаруашылығының жағдайларын ескере отырып, ең қолайлы технологияларды таңдауға мүмкіндігі болады, — делі көрме ұйымдастырушысы Шолпан Қожабаева.

Елдегі элеваторлар болжанып отырған өнім көлемін толық қабылдап, өңсере ала ма? Президенттің осыған қатысты тапсырмасын орындау үшін Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров элеваторлардың жүктемесін азайтуға, қажет болған жағдайда жана жеткізгілмді қабылдауға арналған қуаттарды босату үшін кептірілген өнімді онтүстік өңірлерге тасымалдауды ұйымдастыруды тапсырды. Оның пікірінше, қолда бар қоймалар жана астықты қабылдауға жеткілікті.

Қорыта айтқанда, биылғы астық саладағы ахуалдан біраз хабар бермек. Көлем жағынан — рекорд жоқ. Сапа жағынан — үміт мол. Өңірлер бойынша айырмашылық үлкен. Қойма бойынша мүмкіндік бар, бірақ тәуекел де жетерлік. Мемлекеттік болжам оптимистік ауанда, сарапшылар сак, фермерлер істің артын бағып отыр. Ел үшін рекорд орнату емес, табиғатпен берген берекесін ысырап етпей, әр дәніне дейін жинап, лайықты сақтау маңызды болса керек.



ОРТАША ЖАЛАҚЫ ИНФЛЯЦИЯДАН ОЗА АЛМАЙ ТҰР

Жалақы өсіп жатыр деген «жағымды» ресми статистика жылда айтылады. Ол жалпы жағдай жаман емес деген ойға жетелеу керек еді. Алайда цифрларға тереңірек үңілгенде, мүлдем басқа көрініс байқайтынымыз тағы белгілі. Номиналды жалақы өскенімен, оның бәрін инфляция жұтып қойып жатқанына үйреніп болдық. Оның үстіне, орташа көрсеткіштің өзі қазақстандықтардың басым бөлігінің нақты табысын көрсете бермейді. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері осыны тағы бір дәлелдегендей.

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Бюроның дерегіне қарағанда, 2026 жылдың екінші тоқсанында Қазақстандағы орташа айлық номиналды жалақы 448 588 теңгеге жеткен. Ал жалдамалы қызметшілер бойынша есептегенде, бұл көрсеткіш 461 486 теңгені құрайды. Осыған қарап, жалақы өсіп жатқандай әсер қалады. Бірақ медианалық жалақы мөлшері бұл ойды біраз сейілетеді.

Екінші тоқсанда ол 316 152 теңге болған, яғни жалдамалы қызметкерлердің жартысы осы көлемнен аз тапқан. Орташа және медианалық жалақының айырмасы 132 мың теңгеден асады. Демек, бірнеше жүз мың немесе миллион теңге жалақы алатын жоғары табысты қызметкерлер орташа көрсеткішті жоғары қарай тартып отыр. Ал қарапайым жұмысшының жалақысы 300 мың теңгенің манайында қалуы мүмкін.

Экономист Марат Әбдірахмановтың Ұлттық статистика бюросының деректеріне жасаған шолуы да осы мәселеге назар аударталды. Оның есебінше, биыл екінші тоқсанда жалдамалы қызметшілердің орташа айлық жалақысы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 2,5 пайызға төмендеген, ал былтырғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 9,1 пайызға өскен.

Бірақ дәл осы жерде инфляцияның әсері көрінеді. Бір жылдағы инфляция қарқыны 10,2 пайыз болғандықтан, жалақы номиналды тұрғыда 9,1 пайыз өсті дегеннен гөрі нақты табыс, керісінше, шамамен 1,1 пайызға төмендеді дегенді білдірсе керек. Демек, жұмыс беруші қызметшіге көбірек теңге төлегенімен, ол қаражаттың сатып алу қабілеті бұрынғыдан кеміген.

Ал 2026 жылдың басынан бері жинақталған инфляцияны есепке алғанда, Әбдірахмановтың бағалауынша, нақты табыстың төмендеуі одан да айқынырақ көрінеді. Бұл жерде мәселе тек статистикада емес. Адамның қалтасына түскен ақша көлемінен бұрын сол ақшаға қанша тауар мен қызмет сатып ала алатыны маңызды. Сондықтан «жалақы 10 пайызға өсті» деген мәлімдеме халық үшін аса қуанышты жаңалық бола қоймайды. Егер азбық-түлік, коммуналдық қызмет, дәрі-дәрмек, баспана және басқа да күнделікті шығындар бұдан жылдамдырақ қымбаттаса, номиналды өсімінің мәні азая береді.

Қазақстандағы жағдайды Еуразиялық экономикалық одақтағы басқа елдермен салыстырғанда, мәселе одан әрі өткірлене түседі. Еуразиялық экономикалық комиссияның деректері бойынша, 2026 жылдың қантар-маусымындағы орташа жалақы Қазақстанда 480 461 теңге шамасында болған. Бір жылда ол номиналды түрде 10,3 пайызға өскен. Бірақ инфляцияны есептегенде, нақты жалақы 0,6 пайызға төмендеген. Соған қарап, Қазақстан ЕАЭО елдерінің ішінде нақты жалақысы төмендеген жалғыз мемлекет болып шығады.

Ал экономикалық одақтың өзге мемлекеттерін қарайық: Арменияда нақты жалақы — 0,9 пайызға, Беларусьте — 7,5 пайызға, Ресейде — 6,5 пайызға, ал Кыргызстанда бірден 15,3 пайызға өскен. Жалақының номиналды мөлшері бойынша Қазақстан ЕАЭО-да үшінші орында. Бірақ инфляцияны алып тастағанда, жағдай әлдеқайда нашар.

Осыдан соң орынды сұрақ туады. Егер экономика өсіп жатса, бюджет кірістері артса, мұнай бағасы мен экспорттан түсетін түсімдерді қоса алғанда қарапайым азаматтың нақты жалақысы неге төмендеуі керек?

МҰНАЙЛЫ ЕЛДІҢ ДЕ МӘСЕЛЕСІ БАР

Бұл мәселе ел экономикасында қайшылық барын тағы бір дәлелдей түседі. Қазақстанда ең жоғары жалақы әдеттегідей тау-кен өндіру, қаржы, сақтандыру, ақпарат және байланыс сияқты салаларда тіркеледі. Ал әлеуметтік және қызмет көрсету салаларында жалақы әлдеқайда төмен.

Әсіресе мұнай секторындағы көрсеткіштер назар аударталды. Ұлттық статистика бюросының өнеркәсіп бойынша мәліметте-

ріне сәйкес, 2026 жылдың алғашқы алты айында Қазақстандағы мұнайшылардың орташа айлық жалақысы шамамен 1,7 млн теңге болған. Бұл жалпы елдегі орташа жалақыдан бірнеше есе жоғары. Бірақ мұнайшылар өнеркәсіптегі жұмысшылардың небәрі 7,4 пайызын құрайды. Соған қарамастан, олардың үлесіне өнеркәсіптегі жалпы жалақы қорының 18,4 пайызы тиеді. Мұнай саласындағы жылдық жалақы қоры шамамен 2 млрд долларға бағаланады. Демек, мұнай саласы елдегі орташа жалақы көрсеткішін біршама жоғары тартып отыр деген сөз. Сонда орташа жалақының шынайы мөлшері қандай болғаны?!

Мұнай сарапшысы Нұрлан Жұмағұловтың айтуынша, бұл мәселені тек мұнай өндірісінің көлемімен немесе бюджетке түсетін салықпен бағалау жеткіліксіз. Ол шамамен он жыл бұрын жасаған салыстыруында Қазақстандағы мұнай компаниялары арасында жалақы деңгейі бойынша айтарлықтай айырмашылық болғанын айтады. Оның бағалауынша, сол кезде NCOC-тағы жалақы ТШО-дан жоғары болған, ал ең төменгі деңгей қытайлық компанияларда тіркелген. «ҚазМұнайГаз» ортаңғы позиция. Сарапшының пікірінше, қазіргі жағдай да түбегейлі өзгермеуі мүмкін.

Мұның бәрі ақырында Ұлттық қор мәселесіне тіреледі. Қазақстан ондаған жыл бойы мұнайдан түскен табыстың бір бөлігі Ұлттық қорға жиналып келеді. Мақсат белгілі, табиғи ресурстардан түсетін табысты болашақ ұрпаққа сақтау және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Сонымен қатар қор қаражаты экономика мен бюджетке түрлі механизм арқылы бағытталып келеді.

Бірақ қарапайым азамат үшін ең маңыздысы басқа. Миллиардтаған теңге Ұлттық қордан экономикаға құйылған кезде оның нәтижесі халықтың жалақысынан көріне ме? Егер нақты жалақы төмендеп, халықтың сатып алу қабілеті әлсіресе, онда бюджет пен Ұлттық қордан бөлінетін қаражаттың экономикалық әсері қайда кеткені? Ақылға салса, мұндайда мемлекеттің экономикалық көрсеткіштері жақсы болса керек еді. Мұнай экспортталып, ірі компаниялар табысын өсіріп, бюджетке едәуір қаражат түсіп жатқанымен, осының бәрі қарапайым азаматтың өміріне әсер етпесе, мұндай өсімің не пайдасы бар деген ой туады.

Экономист Айдархан Құсайынов осы ойды қуаттай түседі. Мәселен, ҰСБ деректеріне сәйкес, акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары мен ірі қатысушыларының саны мың адамға дейін азайған. Егер салықтық өзгерістердің нәтижесінде түрлі шағын ЖШС өз қызметін тоқтатқанын ескерсек, бұл қиынды.

Оның ойынша, кәсіпорын өз ісесіне (құрылтайшысына) тұрақты түрде қомақты пайда өкеліп тұрса жана жұмысын жалғастыра береді. Ал қай кезде жабылады? Жалақы төлей алмай қалған кезде емес, оның пайда деңгейі меншік иесін қанағаттандырмаған кезде жұмысы тоқтайды. Инвестициялық жоба да ісесіне жеткілдікті пайда өкелетін болса ғана жүзеге асырылады.

— Бизнесіті субсидиялаудың, жеңілдік пен преференцияның барлығы кәсіпорынның пайдасын, яғни акционерлердің табысын қолдауға бағытталған. Олар ешқашан тікелей жалақы өсіміне айнамайды, өйткені жұмысшылар нарыққа сай, яғни нарықтық жалақы деңгейінде жұмысқа қабылданады. Нарықтық жалақыны 9 миллиондық жұмыс күші және мемлекеттік қолдау алатын жүздеген мың, тіпті миллиондаған жұмыс беруші — жеке кәсіпкерлер мен кәсіпорындар қалыптастырады. Ал субсидияланатын кәсіпорындардағы жұмысшылардың саны ең көп дегенде бірнеше мың адам ғана. Бұл жалпы еңбек нарығымен салыстырғанда теңізге тамған тамшыдай, — дейді ол.

Сондықтан оның сөзінше, бизнесті қолдауға және субсидиялауға бағытталған триллионның бәрі сол 500–1000 адамның қолында шоғырланады. Оның үстіне, сол субсидияға кететін қаражаттың өзін мемлекет барша қара халықтан жоғары ҚҚС арқылы және Ұлттық қордан пайдалану есебінен жинап алады.

10 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

Біз ормандағы ағаштар өздігінен өседі деп ойлаймыз. Шын мәнінде, ондағы әр түпті отырғызатын орманшылар. Көп жағдайда олардың еңбегін елей бермейміз. Өткен аптада осындай табиғат жанашырларының тағдырын арқау еткен «38. Соңғы нүкте» катастрофалық-драма көрерменге жол тартты. Мазмұны жағынан бейбіт күннің батырлары туралы туынды деуге де болады. Фильм 2023 жылғы маусымда Абай облысындағы «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты аумағында болған алапат өрт оқиғасына негізделген.



оқиғаның эмоциялық әсерін күшейтеді. Әсіресе басты рөлдердің бірін сомдаған Асан Мәжіттің кейіпкері арқылы өрттің адам жанына түсірген салмағы беріледі. Актер бұл оқиға туралы бұрын естігенімен, оның нақты ауқымын фильмге дайындық барысында терең түсінгенін жеткізіп, кадр сыртында сезінген ішкі күйін, ойын бөлісті.

— Ең ауыр сахналардың бірі кейіпкерімнің қаза тапқан әріптестерін орман ішінде жоқтап жылаған көрінісі болды. Оны түсіру оңайға соққан жоқ, үлкен эмоционалды дайындық қажет етті. Режиссер мен продюсерлердің айтуынша да, бұл фильмдегі ең әсерлі сахналардың бірі. Өрттен кейін жауған жаңбыр, кейіпкердің ішкі күйзелісі, орман ішіндегі ауыр үнсіздік, бәрі-бәрі қосылып ерекше атмосфера тудырды. Менің кейіпкерім — көркем образ. Бірақ сол образ арқылы қаза болған орманшылардың жан дүниесін, сол күндердің ауыртпалығын жеткізуге тырыстым. Семей орманындағы өрт — еліміздің тарихындағы ең ауыр оқиғалардың бірі. Ол әрқайсымыздың жадымызда қалуы керек, — дейді Асан Мәжіт.

«38. СОҢҒЫ НҮКТЕ»:

Ел тарихындағы ең ауыр табиғи апаттардың біріне айналған бұл оқиға ондаған мың гектар орманды шарпыды. Орман шаруашылығының 14 қызметкері мен бір жергілікті тұрғын қаза тапты. «38. Соңғы нүкте» сол қасіретті оқиғаны құрғақ баяндап шығудан ада. Авторлар табиғи апаттың артында қалған адам тағдырын,

ОТҚА ТАҒДЫРЛАР



Фильмнің режиссері – Төребек Бейсебаев, продюсері әрі сценарисі – Нұржігіт Хайдар. Туынды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген. Шығармашылық құрам үшін бұл жұмыс тек оқиғаны экранға көшіру емес, көрермен алдындағы үлкен жауапкершілік болғаны байқалады.

орманшы еңбегінің ауырлығын, сын сағаттағы тандау мен жауапкершілікті көркем кино тілімен жеткізуге тырысқан. Картинадағы оқиға бір ғана өрттің айналасында өрбігенімен, оның көтеретін жүгі әлдеқайда кең.

Апаттың ауқымын елестету үшін бір ғана салыстыру жеткілікті. Сол өрттенген орман аумағына Ватикан, Сингапур, Лихтенштейн секілді бірнеше мемлекет сыйып кетер еді. Фильмде екі мың гектарға жуық орманды небәрі екі адамның қарауылдап жүргені көрсетіледі. Бұл көрініс те көп нәрсені аңғартады. Ауқымды аумаққа адам күші жетпегенде, тілсіз жаудың бетін алғашқы сәтте-ақ бұру қиын. Өрттің тез өршіп, бақылаудан шығып кетуінің бір себебі де осы кадрлар арқылы сезіледі.

Картинаның оқиғасы орманшылардың күнделікті өмірінен басталады. Әр кейіпкердің өз ішкі драмасы бар. Бірі ауыр науқас қызының еміне ақша іздейді, бірі өміріндегі кәсіптен арылуға тырысады, енді бірі ар мен қызмет арасындағы салмақты сезінеді. Олардың бәрі мінсіз кейіпкер емес. Фильм оларды қарапайым адам ретінде көрсетеді. Қорқынышы, үміті, кәсіптік, әлсіздігі бар. Бірақ ең қиын сәт туған кезде бәрінің алдында бірдей жауапкершілік жүгі түседі. Киноның құндылығы да осында. Ол орманшыны тек қызметтік форма киген адам ретінде емес, артында отбасы, арманы, айтылмай қалған сөзі бар тұлға ретінде танытады.

Фильмнің режиссері — Төребек Бейсебаев, продюсері әрі сценарисі — Нұржігіт Хайдар. Туынды Қазақстан

Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген. Шығармашылық құрам үшін бұл жұмыс тек оқиғаны экранға көшіру емес, көрермен алдындағы үлкен жауапкершілік болғаны байқалады. Себебі мұндай тақырыпта жасандылыққа жол жоқ. Қайғыны тым әсірелеу де, тым салқын баяндау да көрерменге әсер етпейді. Авторлар осы екі аралықтан жол табуға ұмтылған. Бір жағынан көркемдік шешім бар, екінші жағынан шынайы оқиғаның салмағы сезіледі.

Режиссер Төребек Бейсебаевтың айтуынша, фильмді дайындау жұмысына шамамен бір жарым жыл кеткен. Оның алты айы дайындыққа, бір айы түсірілімге, жеті-сегіз айы постөндіріске жұмсалған. Басты рөлдерге актерлерді іріктеу де мұқият жүргізілген. Кейіпкерлердің мінезін, ішкі күйзелісін, кәсіби болмысын жеткізе алатын актерлерді табу үшін ұзақ кастинг жасалған.

— Бұл — Орталық Азиядағы ең ірі өрттердің бірі туралы фильм. Көп адам бұл оқиғаның нақты ауқымын толық біле бермейді. Біз үшін ең маңыздысы — сол қасіреттің салмағын сездіру, орманшы мамандығының қаншалықты жауапты екенін көрсету. Түсірілім кезінде табиғатқа зиян келтірмеуге ерекше мән бердік. Өрт көріністерін жасау үшін арнайы пиротехникалық тәсілдер қолданылды, бірақ бірде-бір ағашқа зақым келген жоқ. Өйткені орманда тек ағаш емес, жан-жануар, тұтас тіршілік бар. Біз осы фильм арқылы табиғатты қорғап жүрген бейбіт күннің батырларына құрмет көрсеткіміз келді, — дейді режиссер.

Қарағайлы орманның өрт құшағында қалғанын көркем суреттеген фильмнің айтар ойы да салмақты. Бірақ түсірілім тобы кейіпкерлер мен оқиғалар фильмнің көркемдік тұсын айқындау үшін өзгертілгенін айтады. Кинодағы актерлік жұмыстар да

Фильмде орманшының жұбайын сомдаған Алтыншаш Шаяхметованың пікірі де осы ойды толықтыра түседі. Оның айтуынша, бұл картинадан кейін төтенше жағдай, өрт сөндіру, орман шаруашылығы саласында еңбек ететін азаматтардың отбасына да басқа көзбен қарай бастайсын. Себебі қауіпке қарсы тұрған бір адамның артында оны уайымдап отырған анасы, жары, баласы, жақыны бар. Қызметтегі қатер бір адамның ғана емес, тұтас отбасының тағдырына әсер етеді. Осы себепті «38. Соңғы нүкте» тек орманшылар туралы фильм болып қалмайды. Ол көрерменді апат кезінде алдыңғы шепте жүретін барлық маманның еңбегін бағалауға шақырады. Өрт сөндіруші, құтқарушы, орманшы, төтенше жағдай қызметкері — бұлардың бәрі бейбіт күнде көзге көп түсе бермегенімен, сын сөзге қоғамның қауіпсіздігін арқалайтын адамдар.

«38. Соңғы нүктеде» көрсетілетін таспалы қарағайлы орман — фильмнің негізгі өзегі. Жүздеген шақырымға созылған бұл орман — Қазақстан табиғатының қайталанбас бірегей ландшафтының бірі. Оны қорғау үшін 2003 жылы «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты құрылған еді. Бүгінде резерват аумағы 657 мың гектардан асады. Сондықтан фильмдегі өрт көріністері тұтас экожүйенің бұзылғанын көрсеткісі келген. Әрине, мұндай туындыны көргенде көрермен киноның көркемдік шешіміне ғана назар аударып қоймайды. Оның ар жағында адамдардың өмірі, отбасылардың қайғысы, қоғамның сабағы тұрғанын көреді. Бірінің артында өзі көріп үлгермеген баласы мен жары қалды. Бірі отбасының жалғыз асыраушысынан айырылса, енді бірінің екі күннен кейін тойы еді. Бұл деректер фильмнің эмоциялық салмағын одан әрі арттыра түседі.

«38. Соңғы нүкте» оқиғаны тамашалап қана шығатын жеңіл фильм емес. Керісінше, адамды ойландыратын, табиғатқа, қауіпсіздікке, маман еңбегіне деген көзқарасты өзгертетін туынды.

ФРАНЦИЯ КІТАП БҰРЫШЫ АШЫЛДЫ

Қазақстанның Ұлттық кітапханасында Франция кітап бұрышының ашылу рәсімі өтті. Жоба Ұлттық кітапхана мен Алматыдағы Француз Альянсының қолдауымен жүзеге асырылды.



Кітап бұрышы Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға, француз әдебиеті мен мәдениетін кеңінен насихаттауға, сондай-ақ екі ел арасындағы мәдени құндылықтар алмасуын дамытуға бағытталған. Кітап бұрышында Францияның тарихы мен мәдени мұрасына арналған басылымдар, француз ақын-жазушыларының классикалық және заманауи шығармалары, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріне аударылған әдебиеттер ұсынылған. Жана кітап кеңістігі оқырмандарға француз әдебиетімен жақынырақ танысып, Францияның тарихы мен мәдениеті туралы білімін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Іс-шарада Ұлттық кітапхана мен Алматыдағы Француз Альянсы арасында мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Келісім тараптардың мәдени-ағартушылық бағыттағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруына, әдеби және мәдени іс-шаралар ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар француз тарихшысы әрі зерттеуші Мари Фавероның «Алтын Орда: дала империясы әлемді қалай өзгертті» атты еңбегінің қазақ тіліндегі нұсқасы таныстырылды.

Зерттеу еңбегінде Алтын Орданың тарихы, оның Еуразия кеңістігіндегі орны мен тарихи маңызы, сондай-ақ Орталық Азиядағы саяси және мәдени үдерістерге ықпалы қарастырылады. Кітаптың қазақ тілінде жарық көруі отандық оқырманға Алтын Орда тарихына қатысты заманауи ғылыми зерттеулермен ана тілінде танысуға мүмкіндік береді.

Іс-шараға Францияның Алматыдағы Бас консулы, Алматыдағы Француз Альянсының өкілдері, мәдениет және кітапхана саласының мамандары, зерттеушілер мен оқырмандар қатысты.

КӘСІБИ ДАМУҒА БАСТАЙТЫН ҚАДАМ

Жаңа оқу жылында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 193 студенті академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік жоғары оқу орындарында білім алады.



ҚызПУ-дың Халықаралық ынтымақтастық департаменті шетелде білім алуға аттанатын студенттермен арнайы кездесу өткізіп, академиялық ұтқырлықтың білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына беретін мүмкіндіктерін түсіндірді.

Университет студенттері Польша, Қытай, Латвия, Түркия, Өзбекстан және Қырғызстандағы серіктес жоғары оқу орындарында білім алып, халықаралық академиялық ортада тәжірибе жинақтайды. Академиялық ұтқырлық — студенттердің білім көкжиегін кеңейтіп, жана оқу тәжірибесін меңгеруіне, кәсіби дағдыларын жетілдіруіне және өзге мәдениеттермен танысуына мүмкіндік беретін маңызды бағдарлама. Шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу студенттердің дербестігін арттырып, халықаралық ортада коммуникациялық және бейімделу дағдыларын қалыптастыруға да ықпал етеді.

Кездесу барысында студенттерге шетелдегі оқу үдерісіне бейімделу, қажетті құжаттарды рәсімдеу, академиялық талаптарды сақтау мәселелері бойынша кеңестер берілді. Сонымен қатар жана әлеуметтік ортаға бейімделу, шетелдік студенттермен қарым-қатынас орнату және мәдени ерекшеліктерді құрметтеу жөнінде маңызды ақпарат ұсынылды. Студенттер өзін қызықтырған сұрақтар қойып, мамандардан жауап алды. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына филология, жаратылыстану ғылымдары, физика-математика, IT, тарих, география, өнер және басқа да бағыттар бойынша білім алып жатқан студенттер қатысады.

Айта кетейік, Халықаралық ынтымақтастық департаменті 2026 жылғы қазанда 2026-2027 оқу жылының көктемгі семестріне академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттерді іріктеу конкурсын жариялауды жоспарлап отыр.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАҒАФАСАЙ –
Қызылорда облысы
Баыр ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСИНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4787
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,